



**АЛМАТЫНЫ
АБАТТАНДЫРУ**
қағидасы әркімге
жауапкершілік
жүктейді

3



**БІЛІМ САЛАСЫН
ДАМУ** –
ел болашағына
инвестиция

3



**ҮЙДІҢ ИЕСІ ДЕ,
КИЕСІ ДЕ – ӘКЕ**

7

ҚОҒАМ

ӘЛЕУМЕТТІҢ ӘЛЕУЕТІ

Алматы қаласы әкімдігінің басым бағыттарының бірі болып қала береді

Алматы қаласы әлеуметтік-экономикалық дамуда айтарлықтай жетістіктерге қол жеткізді. Алып шаһарда 2024 жылы халықтың әлеуметтік осал топтарын қолдау және жұмыссыздықты азайту бағытында бірқатар маңызды шаралар жүзеге асқан игі істер көп. Енді биылдан бастап әлеуметтік міндеттемелерге бөлінетін қаржы 36%-ға өсіп, 7,9 млрд теңгеге жетпек. Сонымен қатар, 76 мың жұмыс орнын құру жоспарлануда. Мүмкіндігі шектеулі жандарға қолдау көрсету мақсатында 15 млрд теңгеден астам қаржы бөлініп, 41 мың адам оңалту құралдарымен қамтамасыз етілді. Қала инфрақұрылымын қолжетімді ету үшін 15 мың нысанға паспорттау жүргізілді. 2025 жылы бұл көрсеткішті 32,5 мыңға жеткізу көзделіп отыр. Жалпы, қабылданған іс-шаралар Алматы қаласында әлеуметтік тұрақтылықты нығайтуға және тұрғындардың әл-ауқатын арттыруға бағытталған.



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

Әлеуметтік саланың басты міндеті – қаланың әрбір тұрғынына жағдай жасай отырып, қамқорлық пен мемлекеттің барлық әлеуметтік міндеттемелерінің толық көлемде орындалуын қамтамасыз ету. Алматы қаласы әкімдігінің қызметі бірінші кезекте аз қамтылған, көпбалалы және толық емес отбасылар, мүгедек адамдар, жетім балалар, жұмыссыздар, қарттар және әлеуметтік тәуекел аймағындағы азаматтардың басқа да санаттары үшін лайықты өмір сүру жағдайларын қамтамасыз етуге және нақты мүмкіндіктер жасауға бағытталған.

Өткен 2024 жыл – әлеуметтік салада елеулі жетістіктер жылы болды. Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы Азаматтарға әлеуметтік қолдау көрсету бойынша ауқымды жұмыс атқарды. Атап айтар болсақ, азаматтарға 269 мыңнан астам мемлекеттік қызмет көрсетілді, оның 54%-ы электрондық форматта eGov порталы арқылы жүзеге асты. Бұл цифрландырудың жоғары деңгейін және азаматтарға көрсетілетін қызметтердің қолжетімділігін көрсетеді.

4-5

МЫҢ ЖАСАҒАН ШАҺАРДЫҢ ШАМШЫРАҒЫ

Almaty AQSHAMY

Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | №1 (6563) 7 қаңтар, сейсенбі, 2025 жыл. | www.aqshamnews.kz

ПРЕЗИДЕНТ

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ:

«МАҚСАТЫМ – ЭКОНОМИКАНЫ ЖӘНЕ ЕГЕМЕНДІКТІ НЫҒАЙТУ»



Жыл басында республикалық «Ана тілі» газетінде Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың өткен жылды қорытындылап, алда атқарылуға тиіс міндеттерді атап өткен, сондай-ақ, қоғам мен мемлекет үшін маңызды мәселелерді қаузаған, осы жылдың бағыт-бағдарын айқындаған көлемді сұхбаты жарияланды.

Президент пен газет тілшісінің арасында ашық, еркін диалог орнап, ең өзекті деген мәселелер талқыланды. Бұл өз кезегінде елімізді дамытуға қатысты іс-шаралардың мән-маңызын отандастарымыздың терең түсінуіне және биылғы жұмыстарымызға тың серпін береді деп ойлаймыз.

(Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлының «Ана тілі» газетіне берген сұхбатынан туындаған сараптамалық мақалаларды 2-беттен оқи аласыздар).

KAZHYDROMET.KZ

**Алматы қаласы бойынша
ауа райы болжамы**

7.01.2025

Түнде:



-4-6 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.
Кей уақытта тұман.

Күндіз:



+2+4 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

8.01.2025

Түнде:



-5-7 °C
Көшпелі бұлтты, қар,
кей уақытта қатты қар,
тұман, көктайғақ.

Күндіз:



-3-5 °C
Көшпелі бұлтты, кей уақытта
қар, тұман, көктайғақ.

9.01.2025

Түнде:



-11-13 °C
Көшпелі бұлтты, жауын-
шашынсыз. Кей уақытта
тұман, жолдарда көктайғақ.

Күндіз:



-3-5 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

www.aqshamnews.kz



2025: ҮМІТ ПЕН ДАМУ ЖЫЛЫ

Биыл әлемде және елімізде қандай өзгерістер болмақ?

Бұқаралық ақпарат құралдары дәстүр бойынша жыл соңында өткен жылға қорытынды жасап, жыл басында алдағы жылы күтілетін маңызды саяси, әлеуметтік оқиғаларға назар аударады. XXI ғасырдың алғашқы ширегіне әлем жұрты үмітпен қатар белгісіздік сезімімен қадам басуда. 2024 жылы әлем елдерінің үштен бірінде президенттік және парламенттік сайлаулар өтсе, биылғы жыл сайлау нәтижесінде билікке келген азаматтардың іске кірісетін жылы болмақ. 2024 жыл еліміз үшін тек ішкі саясатта ғана емес, сонымен қатар аймақтық және халықаралық саясатта да елеулі жетістіктермен есте қалды. Мақаламызда 2025 жылы жаһандық саясаттағы өзгерістер мен күтілетін маңызды шаралардың жай-жапсарын талдап көрелік.



Қолжазбы жасаған: Құрбансұлтан ӘРІСТАН

Жаһандық изоляционизм

Өткен ғасырдың соңында, қырғиқабақ соғысы аяқталғаннан кейін жаһан жұртшылығы әлемді ортақ үй санап, жаһандық құндылықтар мен ортақ мәдениет қалыптастыруға негізделген жаһандану процесі кеңінен таралған еді. Әлемге ортақ мәдениет пен құндылықтар жүйесін қаншалықты бірегей қалыптастыра алғанымыз белгісіз, бірақ 2025 жылы деглобализация процесі бастау алды. Бұл дегеніміз, әрбір елдің өз мүддесін жоғары қойып, «бірінші біз, кейін өзгелері» деген танымға негізделуін білдіреді.

Соңғы 80 жылда, II Дүниежүзілік соғыстан кейін қалыптасқан әлемдік тәртіптің басты архитекторы ретінде АҚШ-тың рөлі мен маңызы ерекше болып келген еді. Алайда, ресми Ақ үй билігіне республикалық партия

өкілі Д.Трампың келуі тек Американың ішкі мәселелеріне ғана емес, сонымен қатар тұтас әлемдік саяси жүйенің бағыты мен бағдарына да ықпал етті.

Д.Трампың 2017–2021 жылдардағы билігі кезінде АҚШ бірнеше халықаралық келісімдерден шығып, тіпті НАТО мен ДСҰ сияқты іргелі саяси қауіпсіздік және экономикалық ұйымдардан бас тартамын деп мәлімдегенін білеміз. Соңғы төрт жылда қалпына келген Американың сыртқы саясаты 2025 жылы қандай бағытқа ауысатыны жаһандық саясаттың тұғырына тікелей ықпал ететін болады.

Қазақстанның экономикалық өрлеу кезеңі
Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Ана тілі» газетіне берген

«Мақсатым – экономиканы және егемендікті нығайту» деп аталатын сұхбатында 2025 жылы еліміз үшін маңызды экономикалық және саяси өзгерістер болатынын атап өтті. Атап айтқанда, был Ұлы Отан соғысының аяқталғанына 80 жыл толуына орай өтетін мереке мен бас қаламызда ұйымдастырылатын «Орталық Азия – ҚХР» саммиті ерекше маңызға ие. «Орталық Азия – ҚХР» саммиті С5+1 форматы аясында Орталық Азия елдерінің бірлескен іс-қимылдары мен ҚХР төрағасы Си Цзиньпин мырзамен кездесуін қамтиды. Бұл форумның аймақ елдері үшін маңызы мен мәні өте жоғары болмақ.

Сонымен қатар, былтырғы жылы елеулі нәтижеге қол жеткізіп, қоғам тарапынан қолдау тапқан «Таза Қазақстан» бағдарламасы іске асырыла бермек. Бірінші наурызға дейін зерттеулер жүргізіліп, Парламент пен Үкімет бірыңғай уақыт белдеуі бойынша шешім қабылдайды. Президент сұхбатында 2025 жылы аяқталатын бірқатар инфрақұрылымдық жобаларды да атап өтті. Достық – Мойынты теміржол учаскесі (ұзындығы 836 шақырым) қолданысқа беріліп, энергетика саласында қуаты 600 мегаваттан асатын ірі жобаларды жүзеге асыру жоспарлануда. Сондай-ақ, шетелдік инвесторлармен жел, күн және гидроэлектростанцияларды салу туралы келісімдер жасалады.

Елімізде биыл жүзеге асырылатын маңызды бастамалар мен шаралар саяси, экономикалық және әлеуметтік дамуға елеулі ықпал етпек. Мемлекетіміздегі демократиялық реформалардың жалғасы ретінде аудандар мен облыстық маңызы бар қалалардың әкімдерін тікелей сайлау енгізілмек. Мұндай сайлаулар бір уақытта немесе кезең-кезеңімен ұйымдастырылып, жергілікті басқару жүйесінде белгілі бір деңгейде транспаренттілікті қамтамасыз етеді.

Халық пен Президент арасындағы маңызды көпір қызметін атқарып келе жатқан Президент жанындағы Ұлттық құрылтайдың төртінші отырысы өтеді.

Экономика саласында да ауқымды өзгерістер орын алмақ. Мысалы, биыл жаңа Бюджет және Салық кодекстері қолданысқа енгізіліп, елімізде атом электр станциясын салу бойынша халықаралық консорциум құру жоспарланып отыр. Жыл ортасында елімізде Әлемдік және дәстүрлі діндер көш-басшыларының VIII Съезі ұйымдастырылады. Бұл шара Қазақстанның бейбітшілік пен ынтымақтастық орнатудағы жаһандық рөлін айқын-дайтыны анық.

Нұрболат
НЫШАНБАЕВ,
сарапшы,
«Тұран» университеті.



ЭКОНОМИКАЛЫҚ БЛОКТА ӨЗГЕРІС БОЛА МА?

Биылғы 3 қаңтарда Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Ана тілі» газетіне берген сұхбатында өткен жылды қорытындылап, алдағы атқарылуы тиіс міндеттерді атап өтті. Бұл – Президенттің отандық БАҚ-қа берген осы форматтағы екінші сұхбаты. Былтыр дәл осы күні «Egemen Qazaqstan» газетіне сұхбат берген еді. Мұндай сұхбаттар ең алдымен қоғам мен билік арасындағы диалогтың бір форматы, екіншіден, мемлекеттік тіл мен отандық баспасөздің мәртебесін көрсету. Бұдан бөлек, биылғы сұхбатта қоғам мен мемлекет үшін маңызды мәселелер көтерілген. Ендеше, оларды бір жүйеге келтіріп талдайық.

Қоғамда көтерілген мәселелерге жауап

Былтырғы және биылғы сұхбаттардың ұқсас тұсы – қоғамда, әсіресе, әлеуметтік желіде көтеріліп жатқан мәселелерге, сұрақтарға жауап берілген. Сұхбаттың негізгі бөлігін халықтың көкейінде жүрген мәселелерге, кейбір қауесеттерге, сыни пікірлерге орай Президент жауабы құрайды. Атап өтер болсақ, Мемлекет басшысы мынадай мәселелер бойынша жауап берді:

1. Мемлекеттік қызметшілердің жұмысына қатысты сын. Бұл сынға жауап беру барысында Президент былтырғы табиғи апат кезіндегі Үкіметтің жұмысына тоқталған. Қарғын су ол объективті тәуекел. Оны болжау өте қиын. Алайда, орталық және жергілікті атқарушы орган дағдарысты лайықты еңсерді.

2. Президент ішкі саясаттан гөрі сыртқы саясатқа көбірек мән береді деген сын. Халық арасында мұндай пікір көп кездеспейді. Мұндай сын көбіне кәсіби, ғылыми ортада жиі айтылады. Президент пікірінше, ішкі және сыртқы саясатқа баланс ұсталады.

Мұнда тағы бір маңызды дүниені атап өткен жөн. Мемлекет басшысы билікке келгелі бері өзі қабылдаған шешімдер мен оның салдарына жауапкершілікті өз мойнына алатынын мәлімдеген. Бұл жаңа саяси мәдениеттің қалыптаса бастағанын көрсетеді. Себебі, бұған дейін отандық саясаткерлер арасында мұндай мәлімдеме жасау мәдениеті қалыптаспаған.

3. Президент 2026 жылы БҰҰ-ы басқаруы мүмкін, соған байланысты елімізде кезектен тыс Президент сайлауы өтеді деген қауесет. Мемлекет басшысы бұл қауесетті жоққа шығарды.

4. Бірыңғай уақыт белдеуіне байланысты сын. Президент 1 наурызға дейін Үкімет пен Парламент арасында талқы болатынын айтып, сол уақытта нақты шешімге келіп қалар деп болжады.

5. Қаңтар оқиғасының құпиясы толық ашылмады деген сын. Бұған жауап ретінде Мемлекет басшысы Парламентте ашық тыңдау болғанын айтты. Бұдан бөлек, саяси дағдарыстың туындау себептері ретінде қосарланған билікті, президенттің шектен тыс саяси салмағы мен лауазымды тұлғалар, оның ішінде күштік құрылым басшыларын іріктеудегі қателіктерді атап өтті.

Бұдан бөлек, Президент Тұңғыш Президенттің тарихи рөлі, оның РФ президентімен кездесуі жайлы тоқталды. Сондай-ақ, Талғардағы қылмыстық оқиға, саяси реформалар жалғаса ма деген сұрақтарға жауап берді.

«Нақты нәтижесі бар шаруа шамалы...»

2024 жылы 21 желтоқсанда Президент Жарлығымен Нұрлан Байбазаров Премьер-Министрдің орынбасары –

Ұлттық экономика министрі лауазымынан босатылған еді. Сол күні оның орнына Серік Жұманғарин тағайындалып, бұрынғы атқарған лауазымынан босатылды. Ол бұған дейін тек Премьер-Министрдің орынбасары еді, енді экономикалық блокқа жауапты болмақ.

Үкіметтегі мұндай кадрлық ауыс-түйіс қоғамда қызу талқыға түскенін көрдік. Тіпті, жаңа жылда үкімет отставкаға кетуі мүмкін деген пікір де айтыла бастады. Мұндай шешім не үшін қабылданды деген сұраққа Президент сұхбатта жауап берді. Мемлекет басшысы экономист басшылардың жұмысын орташа бағалап, кабмин басшысы Олжас Бектеновпен кездесу барысында талқылағанын айтты. «Ашығын айтсам, экономист басшылардың қазіргі жұмысын орташа деп бағалаймын. Олар халықаралық қаржы институттарының тілімен әдемі сөйлейді, алайда нақты нәтижесі бар шаруа шамалы болып тұр. Қазір өңірлердегі ахуалды және экономиканың іс жүзінде қалай жұмыс істейтінін жақсы білетін, яғни жергілікті жерде еңбек етіп, ысылған мамандар қажет. Былтыр 17 желтоқсанда Премьер-Министр Олжас Бектеновпен кездескенде осы мәселені талқыладық», – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Демек, үкіметтегі кадрлық өзгеріс мәселесі 17 желтоқсанда талқыланды. Н.Байбазаровтың қызметтен кетуіне тек жұмысында нақты нәтиженің болмауы ғана емес, қоғамда қызу талқыланды бейнебаян себеп болуы мүмкін.

Бұдан бөлек, экономикалық блокта кемшіліктер жеткілікті. Президент журналистің сұрағына жауап беру барысында былтырғы 4%-дық экономикалық өсім аз екенін тілге тиек етті. Сондай-ақ, валюта бағамында да кері кету бар. Мұның бәрі алдағы уақытта экономикалық блокта өзгерістер болатынын көрсетеді. Қандай өзгеріс болатыны Үкіметтің кеңейтілген отырысында белгілі болмақ.

Пердехан ШӘМШИЕВ,
сарапшы.





МӘСЛИХАТ

Биыл Алматы қаласында бірнеше жақсы жаңалық болды. Солардың бірі – қала аумағын абаттандыру қағидаларының бекітілуі. 19 шілдеде VIII сайланған Алматы қаласы мәслихатының кезектен тыс XXI сессиясының шешімімен абаттандыру қағидалары қабылданған еді. Қатардағы азаматтар үшін бұл құжаттың ешқандай маңызы болмауы мүмкін. Бірақ тұтас қала өмірі үшін абаттандыру қағидаларының қабылдануы маңызды оқиға. Құжат ұзақ уақыт бойы қала аумағын реттеу үдерісінде қордаланып қалған мәселелерді шешеді.

Ескі құжат 2007 жылы қабылданған

Қала аумағын абаттандыру өзекті мәселе. Себебі, бәрі жайлы, таза ортада өмір сүргісі келеді. Әсіресе, 2,2 млн адамнан астам адам тұратын Алматы қаласы үшін қаланы экологиялық, эстетикалық тұрғыдан таза ұстау өте маңызды.

Белгілі бір ортада халықтың саны көбейген сайын оны басқару да күрделене түседі. Себебі, бір жерге түрлі әлеуметтік топ өкілдері жиналады. Сондықтан бәріне ортақ ереже қажет. Мұндай құжат Алматыда 2007 жылы қабылданған еді. Әрине, 17 жылға жуық әрекет еткен ереже қазіргі заман талабына сай келмеді.

Заң IV сайланған Алматы қаласы мәслихатының VI сессиясының 2007 жылғы 12 желтоқсандағы шешімі бойынша «Алматы қаласының аумағын көріктендіру Ережесін бекіту туралы» қабылданған. Ол бастапқыда 4 бөлім, 176 баптан тұрған. Алайда, 2013 жылы өзгеріс енгізіліп, төртінші бөлім алынып тасталған. Бұл бөлімде көріктендіру және санитарлық талаптар бекітілген болатын.

«ЖАЙЛЫ МЕКТЕП»

Білім саласын дамыту – ел болашағына инвестиция



(Дереккөз: www.midjourney.com)

Соңғы он жылда демографиялық өсім нәтижесінде республикамызда оқушылар саны 1,3 миллионнан артып, білім беру инфрақұрылымдары мен орта білім беру саласына сұранысты арттырды. Зерттеулерге сәйкес, алдағы 10 жыл бойына елімізге қосымша 1000 мектеп қажет. 2016 жылы елімізде тәуелсіздік алған кезеңнен бастап, алғаш рет туғандардың саны 28 жылда 400 мың адамнан асса, ал 2020 жылы туу көрсеткіші 1987 жылдан бері тарихи максимумға жетіп, бірінші сыныпқа қабылданатын оқушылар саны 400–450 мыңға жетті. Жалпы, оқушылар саны 4 миллионнан асты. Сәйкесінше, еліміз бойынша мектептік білім беру инфрақұрылымы демографиялық процестерге ілесіп алмай келді. Десе де, Алматы қаласы жаһандық құбылыс ретінде қалыптасқан аталмыш үрдістің тиімді шешімін таба білді. Мақаламызда жаһандық демографиялық дүмпу аясында, Алматы қаласындағы орта білім беру саласының жайы мен күйін талқылап көрелік.

Елімізде оқушылар саны бойынша да Алматы көшбасшы. 2024–2025 оқу жылында қаламызда 336 486 мың оқушы мектеп қабырғасында білім алуға келеді. Қаладағы орта білім беру мекемелерінің жалпы саны 337 болса, оның 215-і мемлекеттік, 122-і жекеменшік білім беру мекемесі. Мектеп жасындағы балалардың 300 797-сі мемлекеттік мектептерде білім алса, жекеменшік мекемелердегі оқушылар саны 35 689. Жыл са-



Қолжазды дайындаған Нұрболсын ӨРІСҰЛЫ.

Ереже қабылданғалы бері 2024 жылға дейін 6 рет (2008, 2009, 2010, 2013, 2015, 2017 жылдар) өзгертулер мен толықтырулар енгізілген екен. Әсіресе, алынып тасталған баптар көп. Көп өзгеріс енгізу ереженің барлық жағдаятты ескермегенін, заман талабына сай жаңа құжат керектігін көрсетеді. Осыған орай, 2024 жылы 19 шілдеде «Алматы қаласының аумағын абаттандыру қағидаларын бекіту туралы» жаңа құжат қабылданды.

Жаңа құжаттың ерекшелігі қандай?

Екі құжатты салыстырған кезде ең алдымен назарымыз атауларындағы айырмашылыққа түседі. 2007 жылғы заңда «көріктендіру» қолданылса, жаңа заңда «абаттандыруға» ауыстырылған. Қарап тұрсақ, тілдік тұрғыдан екеуі синоним сөздер. Бірақ құ-

қықтық тұрғыдан бұл сөздердің айырмашылығы бар. «Көріктендіру» сөзі тар мағынада болса, «абаттандыру» кең мағынаға ие болған.

«Көріктендіру» инженерлік желілер, сыртқы келбет, жарықтандыру, үй маңындағы аумақтарды көріктендіру бағытындағы жұмыстарды қамтиды. Бұл ұғымның толық анықтамасы төмендегідей:

«Көріктендіру – адамның өмір тіршілігіне ыңғайлы, жайлы және қауіпсіз ортаны қамтамасыз ететін элементтер мен жұмыстар кешені. Бұл жұмыстар кешені көріктендіру элементтері мен нысандарды қорғау және жөндеу, пайдалану, ұстау, ұйымдастыруды келесі негізгі бағыттар бойынша ескереді: инженерлік көріктендіру, сыртқы көріктендіру, жарықтандыру, үй маңындағы аумақтарды көріктендіру».

Ал биыл қабылданған қағида бойынша «абаттандыру» ұғымы аясына тек қала аума-

ғын емес, оған іргелес елдімекендерді де қоса алған. Осылайша оның ауқымы артып, келесі бағыттар бойынша жұмыстар атқару көзделуде:

- Коммуникациялық желілерді және сумен жабдықтау құрылысын дамыту кәріз, энергиямен жабдықтау, жабындарды орнату, жарықтандыру;
- Шағын сәулет нысандары мен монументтік өнер объектілерін орналастыру;
- Шудың деңгейін төмендету;
- Аяу бассейнінің ластануынан қорғау, ашық су айдындары мен топырақты тазалау, жинау, санитарлық тазалау және көгалдандыру.


Мазмұны бойынша да биыл қабылданған қағида ерекшеленіп тұр. Ол 4 тараудан және 174 баптан тұрады. Үшінші және төртінші тараулар бірнеше параграфқа бөлінген. Сонымен қатар, балалар мен спорт алаңдарын, қоқыс салатын контейнерлерді күтіп-ұстау ережелері бөлек бекітілген.

Мақсаты бойынша да екі заңның айырмашылығы бар. Жаңа заңның мақсаты «Алматы қаласының аумағын кешенді және орнықты дамуына ықпал ететін қауіпсіз, жайлы, ыңғайлы, экологиялық қолайлы және тартымды қалалық орта құру» болса, бұған дейінгі құжатта «Алматы қаласы аумағында аумақтарды көріктендіру, санитарлық күтіп-ұстау, тазалықты сақтау» мақсаты қойылған. Яғни қауіпсіздікке, экологиялық таза ортаны қалыптастыруға ерекше мән беріліп отыр.

Жаңа абаттандыру қағидасының тағы бір ерекшелігі қала аумағын таза ұстау бойынша нақты жауапкершілік жүктелген. Ол жауапкершілік қалада өмір сүретін барлық адамға теңдей бөлінді. Заңды және жеке тұлғалардың бәрі абаттандыру жұмысына жауапты болмақ.

Пердехан ШӘМШИЕВ,
сарапшы.

ды. Бұл көрсеткіш соңғы жылдары жекеменшік білім беру мекемелерінің санының өсуімен тікелей байланысты болып отыр. Жекеменшік мектептердің көбеюі білім беру саласындағы бәсекелестікті арттырып, ата-аналар мен оқушыларға балама таңдау мүмкіндігін ұсынады. Жекеменшік мектептердің үлесі жыл сайын артуда. «Ernst & Young» халықаралық консалтингтік компаниясының мәліметінше, 2030 жылға қарай Қазақстанда мектеп жасындағы балалар саны 5 миллионға дейін өседі. Жекеменшік мектептердегі оқушылар үлесі әлеуметтік-экономикалық факторлар мен мемлекеттің жекеменшік білім беру секторымен серіктестігін ескере отырып, Қазақстанда жекеменшік мектептердегі оқушылар үлесі 15%-ға дейін өсуі мүмкін.



Болашақ үшін жасалған инвестиция

«Алматы мектептері» стандарты елімізде сәтті жүзеге асып отырған «Жайлы мектеп» ұлттық жобасымен үндес. Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен жүзеге асырылып келе жатқан «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында республикамыз бойынша заманауи мектептер салынууда.

- «Жайлы мектеп» ұлттық жобасының негізгі мақсаты – мектептерде үш ауысымда оқытуды жою; оқушы орындарының тапшылығын реттеу және барлық оқушылар үшін сапалы білім алуға тең мүмкіндік жасау.

Ұлттық жоба арқылы Алматыда 36 800 оқушыға арналған 22 мектеп салынууда. Жаңадан салынып жатқан 22 мектептің 13-і «Samruk-Kazyna Construction» АҚ тапсырысы аясында бой көтеруде. Ұлттық жоба аясындағы мектеп құрылыстары аяқталса, 36 800 оқушы орны ашылады. Жоба аясында 2024–2026 жылдар аралығында 369 мектептің құрылысын салу көзделген. Еліміздегі мектептердің 70%-ы Кеңес Одағы кезеңінде салынғанын ескерсек, орта білім беру саласында инфрақұрылымдық жаңартуды республика бойынша жүйелі арттыру қажет екендігіне көзіміз жетеді. «Жайлы мектеп» жобасы аясында 2030 жылға қарай елімізде мектептердің барлығын бірауысымды форматқа көшіру мақсаты қойылған.

Нұрболат НЫШАНБАЕВ,
сарапшы,
«Тұран» университеті.



СІЗ НЕ ДЕЙСІЗ?

ҚОҒАМ

ӘЛЕУМЕТТІҢ

Алматы қаласы әкімдігінің



Захира БЕГАЛИЕВА,
ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің штаттан тыс кеңесшісі, «ITeachMe» қоғамдық қорының директоры:

Бәсекеге қабілетті

Еңбек нарығында мүдегектігі бар жандардың бәсекелестікке қабілеттілігін арттыруға бағытталған біраз жұмыс атқарылды. Бүгінде Қазақстанда мүдегектігі бар 732 мыңға жуық адам бар. Оның ішінде, 57% адам еңбекке қабілетті жаста. Бұл – жұмыс күші бола алатын адамдардың үлкен тобы. Мүмкіндігі шектеулі жандар да кәсіби еңбек нарығында бәсекеге қабілетті екенін айта кеткен жөн. Біздің қор бірнеше жыл бойы жастардың, оның ішінде әлеуметтік осал топтың кәсіби дағдылары мен білімін арттыру, оларды кейіннен жұмысқа орналасу бағдарламаларын жүзеге асырады.

Жобаларды іске асыру барысында бірқатар факторға тап болдық. Солардың бірі – университетте алған білімін әрдайым іс жүзінде қолдана бермейді. Оқу орнын бітіргеннен кейін бірден жұмысқа қабылдау үшін дипломның болуы жеткіліксіз. Қосымша дағдыларды меңгеріп, трендте болу керек. Ал бүгінде бүкіл әлемде жаңа технологиялар мен цифрлық дағдылар тренд саналады.

Проблемаларды жүйелі шешудің бір жолы – бейресми білім беру. Өмір бойы оқыту тұжырымдамасы тек тар бейінді ғана емес, сонымен қатар өзінің еңбек құқықтарын жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Барлық жастардың, соның ішінде мүдегектігі бар адамдардың заманауи мамандық алу және оңай жұмыс табуға көмектесетін негізгі құрал – цифрландыру. ITeachMe қоры әлеуметтік инвесторлармен, бас серіктес – Шеврон компаниясымен серіктестікте 2019 жылдан бастап, мүдегектігі бар жастар мен әлеуетті жұмыс берушілердің сұранысы бойынша білім беру бағдарламаларын жүзеге асыруда. Оқытудың басты ерекшелігі – оқу процесінде тыңдаушылар өздерінің digital дағдыларын монетизациялайды.



Меруерт ҚҰЛҰАХМЕТОВА,
«Кедергісіз KZ» АҚ төрағасы:

Ауқымды істер әлі де жалғасады

2024 жылы Қазақстанда халықты әлеуметтік қолдау бағытында көптеген маңызды шаралар жүзеге асырылды. Мемлекет зейнетақы мен әлеуметтік төлемдерді ұлғайтып, мүдегектікке, асыраушысынан айырылуға байланысты жәрдемақыларды және көпбалалы отбасыларға берілетін көмек көлемі артты. Бұл шаралар азаматтардың табысын көбейтіп, олардың өмір сапасын жақсартуға бағытталды. Халықтың осал топтарын қолдау үшін арнайы бағдарламалар іске қосылып, жұмыс орындары ашылды және тұрғын үймен қамту жобалары нәтижесінде көптеген отбасы жаңа баспанаға қол жеткізді.

Сонымен қатар, ауыл-аймақтарда денсаулық сақтау жүйесі жаңғыртылып, жаңа мектептер салынып, балалар мен жастардың сапалы білім алуына мүмкіндік кеңейе түсті. Мемлекет барлық әлеуметтік міндеттемелерін толық көлемде орындап, бұл қадамдар халықтың өмір сүру деңгейін жақсартуға және олардың болашаққа деген сенімін арттыруға ықпал етті. Өткен жыл ешкімді өкпелете қойған жоқ деп ойлаймын. Дейтұрғанмен, ел игілігі үшін атқарылар істер әлі де жалғаса береді...

(Басы 1-бетте)

Алматы қаласы шеңберінде мемлекеттің әлеуметтік міндеттемелеріне 2024 жылы 5 млрд. теңге бөлінді. 2025 жылға 7,9 млрд теңге бөлінді. Өсім 36%-ды құрады. 81,5 мың жұмыс орны құрылды; 2024 жылы әлеуметтік оңалту шараларымен 24,5 млрд теңге сомасына 50 мың адам қамтылды.

Мейірімділік көпірі

Алматы қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы бірнеше негізгі бағыттарға шоғырланған. ХӨОТ қолдау үшін әлеуметтік көмектің 17 түрі көзделген. Олардың арасында атаулы әлеуметтік көмек (АӘК) маңызды орын алады.

Өткен жылы 14 810 адамды қамтитын 2937 отбасы атаулы әлеуметтік көмек алды. Төлемдердің жалпы сомасы 1,6 млрд теңгені құрады. Бұл бағытта балаларға ерекше көңіл бөлінеді. АӘК алушы отбасылардан шыққан 4727-ден астам бала тамақ және тұрмыстық химия өнімдерін сатып алуға 5538 теңге (жалпы сомасы 189 млн теңге) мөлшерінде қосымша төлем алды.

719 азаматқа 16,6 млн теңгені құрайтын тұрғын үй берілді. Коммуналдық қызметтер тарифтерінің өсуіне байланысты азаматтарды қолдау жеке бағыт болды. «Инвестицияларға айырбастау тарифі» бағдарламасы аясында 140 мыңнан астам адам ай сайын 0,8 АЕК мөлшерінде төлем алды. Бұл 4 млрд теңгеден асты. Айта кету керек, әлеуметтік көмектің бұл түрі Алматы қаласы әкімінің тапсырмасы бойынша мұқтаж адамдарды қолдау мақсатында енгізілген.

Өмірлік қиын жағдайға тап болған 8620 азаматқа 20 АЕК мөлшерінде біржолғы әлеуметтік көмек көрсетілді. Қосымша, 12 896 азаматқа 7 АЕК мөлшерінде біржолғы көмек жасалды. Өрт пен табиғи апаттардан зардап шеккен отбасылар жалпы сомасы 32,5 млн теңгеге төлем алды. Айта кету керек, жыл сайын әлеуметтік көмектің мөлшері ұлғаяды, сондай-ақ көмектің жаңа түрлері енгізіледі.

Мәселен, 1 қаңтардан бастап мемлекеттік жәрдемақылар мен базалық зейнетақы төлемдерінің барлық түрлерінің мөлшері 6,5%-ға ұлғайтылды.

Атап айтқанда, мөлшері балалар санына байланысты көпбалалы отбасыларға берілетін жәрдемақы 4 баласы бар отбасылар үшін 59 мың теңгеден 63 мың теңгеге дейін, 10 баласы барлар – 148 мың теңгеден 157 мың теңгеге дейін өссе, мүдегек адамдарға арналған жәрдемақы да өсті. I топ 95 мың теңгеден 102 мың теңгеге дейін ұлғайтылды, II топ – 76 мың теңгеден 81 мың теңгеге дейін, III топ – 52 мың теңгеден 55 мың теңгеге дейін артты.

Қосымша әлеуметтік қолдау мақсатында Алматы қаласы мәслихатының қолданыстағы шешіміне өзгерістер енгізілді. Онда ҰОС ардагерлеріне төлем мөлшері 2 млн теңгеге дейін ұлғайтылды. Биыл Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 80 жылдығына орай төлем мөлшерін 5 млн теңгеге дейін ұлғайту жоспарланып отырғанын атап өткен жөн. Бұл біздің ардагер-

леріміздің ерлігін құрметтеу және олардың қоғамға қосқан үлесін мойындаудың белгісі. Сондай-ақ, 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасына қатысушыларына ҚР Тәуелсіздік күніне орай біржолғы әлеуметтік көмек мөлшері 150 мың теңгеден 250 мың теңгеге дейін ұлғайтылды. Бұл көмекті Желтоқсан оқиғасының 803 қатысушысы алды.

Басқа мемлекеттердің аумағында ерлік көрсеткен ардагерлер үшін Кеңес әскерлерінің шектеулі контингентін Ауғанстаннан шығару күніне 100 мың теңгеден төлем енгізілді. Осылайша басқа мемлекеттердің аумағындағы ерліктері үшін ардагерлер 2024 жылы 200 мың теңгеден, нақтырақ айтқанда, 9 мамыр мен 15 ақпанда 100 мың теңгеден алды.

Бұдан басқа, 2024 жылдан бастап белгіленген квотаға сәйкес Желтоқсан оқиғаларына қатысушыларға (120 квота бойынша) және зейнеткерлік жасқа толмаған басқа мемлекеттер аумағындағы ардагерлерге (180 квота бойынша) жыл сайынғы санаторий-курорттық емдеу ұсыну көзделген.

Сондай-ақ, 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасына қатысушылар таксиден басқа қалалық қоғамдық көлікте тегін жүруге құқылы.

Жалпы, 2024 жылы 3,2 мың ауған ардагері мен 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасының 803 қатысушысы (845 млн теңге) әлеуметтік қолдаудың қосымша шараларымен қамтамасыз етілді.

Жұмыссыздық болмайды

2024 жылы Еңбек ұтқырлығы орталығына жұмыс іздеп жүрген 69 мың азамат жүгінді, олардың 50 мыңы жұмыссыз мәртебесін алды. Жалпы, 2024 жылы 56 мың адам жұмыспен қамтудың белсенді шараларына тартылды, оның ішінде тұрақты және субсидияланатын жұмыс орындарына 25,6 мыңнан астамы (46%) жұмысқа орналасты.

«Бастау Бизнес» жобасы – кәсіпкерлікті дамытудың тиімді құралы. 3,8 мың ісін жаңа бастаған кәсіпкерлердің бизнес идеяларын дамытуға арналған гранттар бөлінді. Курстарда 4,1 мыңнан астам адам оқыды, 25 мың оқушы, студенттер мен жұмыссыздар арасында кәсіптік бағдар өткізілді.

2024 жылы іске асырылып жатқан тұжырымдамалар мен кәсіпкерлік субъектілері шеңберінде 70 720 жұмыс орны құрылды, оның 82,5% немесе 58 342 – тұрақты жұмыс орындары. Осылайша халықты жұмыспен қамту бойынша мемлекет қабылдап жатқан барлық шара қаладағы жұмыссыздық деңгейін 4,8%-дан 4,6%-ға дейін төмендетуге мүмкіндік берді.

Сонымен қатар, 2024 жылы Алматы қаласының карт тұрғындарының экономикалық және әлеуметтік белсенділігін арттыру, еңбекке қабілетті халық санын арттыру және тәлімгердің рөлін арттыру мақсатында Алматы қаласының әкімі Е.А.Досаевтың тапсырмасы бойынша зейнеткерлік жастағы адамдарды жұмысқа орналастыру бойынша «Алтын жас» бағдарламасы бекітілді. Бағдарламаның ерекшелігі жергілікті бюджет қаражатынан ең тө-

менгі жалақы (85 мың теңге) мөлшерінде жалақыны субсидиялау болып саналады, қалғаны жұмыс берушілердің қаражаты есебінен жүргізілетін болады. Бағдарлама 2028 жылға дейін есептелген. 2024 жылы 700-ден астам зейнеткер қамтылды, биыл 1000 зейнеткерді қамту жоспарлануда.

Бұдан басқа, Алматының «Инклюзивті орта, білім беру және медицина» Даму жол картасы бөліміне енгізілген, 2025 жылдан 2030 жылға дейін іске асыру жоспарланған, 2025 жылға қамту 300 ЛСИ құрайтын 3 жылға дейінгі тұрақты жұмыс орнында мүдегектігі бар адамдарды қолдау бойынша «JOBСOACH» жаңа жобасы енгізілуде. Жобада кедергісіз жұмыс ортасын құру, компанияның ішкі құрылымдары мен процестеріне енгізу кезінде ЛСИ-нің ерекше проблемаларын саналы және жан-жақты назарға алу көзделген.

Жалпы, 2025 жылы кемінде 76 мың жұмыс орнын құру жоспарлануда, оның ішінде 67,5 мыңы (89%) – тұрақты жұмыс орны.

Қаржыдан кенде емес

Мүдегек адамдарды әлеуметтік қолдауға, сондай-ақ қалада инклюзивті орта құруға қатысты айтар болсақ, бүгінде Алматыда 58 мыңнан астам мүдегек адам тұрады. Соның ішінде 6182 адам – I топқа, 22 786 адам – II топқа, 19 570 адам – III топқа, сондай-ақ 9722 мүдегек бала жатады. Мүдегектігі бар адамдарды әлеуметтік қолдау мақсатында 2024 жылы жергілікті бюджеттен техникалық құралдар мен оңалту қызметтерімен қамтамасыз етуге 15 млрд теңгеден астам қаражат бөлінді.

Мүдегектігі бар адамдарды әлеуметтік қолдау бөлінісін қаржы көлемі жыл өткен сайын артып келеді. Мысалы, 2020 жылы – 4,6 млрд теңге, 2021 жылы – 5,2 млрд теңге, 2022 жылы – 7,9 млрд теңге, 2023 жылы – 12,7 млрд теңге бөлінді.

2024 жылы 46 мың мүдегек адам абилитация мен оңалтудың жеке бағдарламасының әлеуметтік бөлігіне сәйкес, техникалық құралдар мен оңалту қызметтерімен қамтамасыз етуге жүгінді. Соның ішінде 41 мың адам қажетті оңалту құралдарымен, қызметтерімен табысты қамтамасыз етілді. Қалған 5 мың адам әлеуметтік қызметтер порталы арқылы қамтамасыз етуді күтуде.

Анықтап айтсақ, протездік-ортопедиялық көмекті – 6181 адам, сурдологиялық көмекті – 1769 адам, тифлотехникалық құралды – 2638 адам, кресло-арбаны – 1413 адам, санаториялық-курорттық емдеуді – 9592 адам, жеке көмекшінің қызметін – 3674 адам, ымдау (жест) тілі қызметін – 1001 адам, міндетті гигиеналық құралды – 14 555 адам алды.

Бұдан басқа, Алматы қаласын дамытудың 2025 жылға дейінгі бағдарламасының Жол картасы мен 2030 жылға дейінгі орта мерзімді перспективаларды іске асыру аясында «Алматыда инклюзивті орта құру» бөлімі бойынша мүдегектігі бар адамдарды мемлекеттік сатып алу арқылы жеке тапсырыспен инновациялық (қымбат) техникалық оңалту құралдарымен қамтамасыз ету жөнінде шаралар қабылданды.





ӘЛЕУЕТІ

басым бағыттарының бірі болып қала береді

Жалпы, оңалтудың инновациялық техникалық құралдарымен 248 адам (35 адам жаңа технология бойынша протездік-ортопедиялық құралдармен, 97 адам кресло-арбамен, 109 адам сөйлеу процессоры мен сүйекті есту аппаратымен) қамтамасыз етілді.

«Демеу» барлық жанға демеу

Арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету тақырыбына да тоқтала кетейік. Осы орайда мүгедектігі бар адамдарға, мүгедек балаларға, зейнеткерлерге, өмірлік қиын жағдайға тап болған адамдарға стационар, жартылай стационар, үйде қызмет көрсету және уақытша болуға арналған арнаулы әлеуметтік қызметтердің кепілдік берілген көлемін көрсететін 10 медициналық-әлеуметтік мекеме туралы айту керек.

Арнаулы әлеуметтік қызметтердің 8 түрі (әлеуметтік-тұрмыстық, әлеуметтік-психологиялық, әлеуметтік-экономикалық, әлеуметтік-құқықтық, әлеуметтік-медициналық, әлеуметтік-педагогикалық, әлеуметтік-еңбек, әлеуметтік-мәдени) бойынша жұмыс жүргізілуде. Мәселен, «Шанырақ» әлеуметтік қызметтер орталығында өткен жылы стационар жағдайында 348 жалғызбасты ардагер, зейнеткерлер, күтімге, тұрмыстық және медициналық қызмет көрсетуге, әлеуметтік-еңбекке бейімдеуге мұқтаж мүгедектер қызмет алды. Сондай-ақ, жалғызбасты зейнеткерлерге, мүгедектерге, зейнеткерлік жастағы жалғызбасты ерлі-зайыптылар мен отбасылық жұптарға арналған «Қамқор» әлеуметтік үйі жұмыс істейді, 36 адам қамтылған. Ал «Алатау» әлеуметтік қызметтер орталығында стационар режимінде 18 жастан асқан психоневрологиялық аурулары бар 194 адам тұрды.

«Демеу» әлеуметтік қызметтер орталығында стационар режимінде 18 жастан асқан 1 және 2-топтағы психоневрологиялық аурулары бар 743 адам тұрды.

«Демеу» жанынан ерекше қажеттіліктері мен ақыл-ой кемістігі бар 20 адам тұратын дербес тұратын үй жұмыс істейді. Үйдің аумағында тігін шеберханасы бар, мүгедектерді одан әрі жұмысқа орналастыра отырып, оларды кәсіптік бағдарлау үшін оқыту ұйымдастырылған.

«Сенім» әлеуметтік қызмет көрсету орталығында 3 жастан 18 жасқа дейінгі психоневрологиялық патологиясы бар 133 мүгедек бала қызмет алуға. Сондай-ақ, 30 балаға арналған паллиативтік бөлім бар. «Сенім» арнайы жабдықтармен, әлеуметтік-тұрмыстық бағдарлау кабинетімен, оқу сыныбымен, сенсорлық кабинетпен, физио-кабинетпен, дефектолог, логопед, ЕДІШ кабинеттерімен жабдықталған.

«Шапағат» әлеуметтік қызметтер орталығының жартылай стационар режимінде 1,5 жастан 18 жасқа дейінгі 107 балаға психоневрологиялық патологиясы және тірек-қимыл аппараты бұзылған қызметтер көрсетілді. Ата-аналар балаларын орталықта 8 сағатқа қалдырады, өйткені олар бос емес немесе жұмыс істейді. Бұл орталықтың Алатау, Бостандық, Наурызбай және Түркісіб аудандарында күн

сайын 185 мүгедек бала баратын 5 бөлімшесі бар. Сондай-ақ, 2022 жылы ашылған бөлім – көпсалалы оңалту орталығы да жұмыс істейді.

«Аяла» жартылай стационары жұмыс істейді, онда 313 адамға әлеуметтік қызметтер көрсетілді. «Парасат» орталығында – 1,5 жастан 18 жасқа дейінгі психоневрологиялық патологиясы бар, тірек-қимыл аппараты бұзылған және 18 жастан асқан психоневрологиялық аурулары бар 349 адам қызмет алды. Аталған жартылай стационарда мүгедектер оңалтуға қалады, бірақ 4 сағатқа.

«Пана» әлеуметтік бейімдеу орталығын (уақытша болу) белгілі бір тұрғылықты жері жоқ 833 адам паналады. Ал «Жан-Сая» дағдарыс орталығы (уақытша болу) тұрмыстық зорлық-зомбылықтың құрбаны болған 516 адамды құшағына алды.

Қарттарға қамқорлық

Медициналық-әлеуметтік мекемелермен қатар, мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс шеңберінде үкіметтік емес ұйымдар арнаулы әлеуметтік қызметтердің кепілдік берілген көлемін ұсынады. УЕУ психоневрологиялық патологиясы, тірек-қимыл аппаратының бұзылуы, Даун синдромы және басқа да аурулары бар мүгедек адамдар мен мүгедек балаларды оңалту бойынша жұмыс жүргізілуде. 1 мыңнан астам адам қызметпен қамтылды.

Бұдан басқа, Алматы қаласының әкімдігі мен Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті арасында 2025 жылға арналған әлеуметтік қызметкерлерді даярлауды, қайта даярлауды және олардың біліктілігін арттыруды ұйымдастыру бойынша ынтымақтастық және өзара іс-қимыл туралы меморандум жасалды.

Сондай-ақ, Алматы қаласында Қазақстандағы алғашқы ерте араласу орталығы құрылды. Ол даму кемістігі бар балаларды қолдауға бағытталған бірегей бағдарламаны іске асырады. Бағдарлама баланың ауруын ерте анықтау мен алдын алуды, сондай-ақ олардың отбасыларын қолдауды қамтамасыз етеді.

Аға буын азаматтарының өмір сүру сапасын арттыруға, оларды қолдауға бағытталған «Белсенді ұзақ өмір сүру» орталығы жұмыс істейді. 2024 жылы орталықта 2880 зейнеткер тіркелді, олар сауықтыру, түрлі бағыттар бойынша курстар, демалыс бойынша 125,6 мың қызмет алды. Сондай-ақ, орталық қарт адамдармен қарым-қатынас жасауға және психологиялық жалғыздық мәселелерін шешуге мүмкіндік береді.

Тұрғындардың көптеген өтінішін ескере отырып, Бостандық және Медеу аудандарында «Белсенді ұзақ өмір сүру» орталығы жанынан күніне 350 адамды қамтитын 3 бөлімше құрылды. Сондай-ақ, қала аудандарында мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс аясында 11 «Белсенді ұзақ өмір сүру» орталығы қарт адамдармен жұмыс жүргізуде. Орталықтарда жыл ішінде барлығы 8871 зейнеткер бос уақытын тиімді өткізіп, 652 мыңнан астам қызмет алды.

Аз қамтылған және көпбалалы отбасыларды қолдау үшін 98 мыңнан астам адамды қамтитын 9 «Отбасын қолдау орталығы» («Бақыт-

ты отбасы»), «Шыңға өрлеу» әлеуметтік клубының 16 бөлімшесі жұмыс істейді. Оларда аз қамтылған отбасылардан 3435 1–4-сынып баласы қосымша білім алды.

Республикада отбасылық саясатты іске асырудың басым бағыттарына, өмірлік қиын жағдайға тап болған әлеуметтік осал отбасылардың әртүрлі санаттарын теңгерімді қолдау қажеттілігіне сәйкес 2025 жылғы 5 қаңтардан бастап Алматы қаласында күніне 60 адамды қамтитын «Алматы қаласының отбасын қолдау орталығы» жұмыс істейді.

Тең қоғам

Алматы қаласы әкімінің тапсырмасы бойынша «Тен Qogam» мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қолдау орталығы» әлеуметтік жобасымен ауқымды шаралар қабылданды. Осы мақсатта қала аудандарында 8 орталық ашылды, онда 10 619 адамға қызмет көрсетілді. Сондай-ақ, қаламызда кресло-арбаның бөлшектерін жөндеу және ауыстырумен айналысатын тегін орталық жұмыс істейді, онда 2035 арбалы адамға қызмет көрсетілді.

Орталық қозғалыс дағдысын қалыптастыру, кресло-арбалардың техникалық жай-күйін жақсарту, іріктеу, күтім мен маневр жасауға оқытуды көздейді. Осы заманғы шығармашылық тәжірибенің коммуникациялық мүмкіндігімен мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтендіру әрі бейімдеу қамтамасыз етілмек.

Тең қолжетімділік пен инклюзия негізінде мүгедектігі бар адамдардың қабілетін дамыту үшін 2024 жылғы наурыздан бастап күніне 60 адамды қамтитын «Әлеуметтік интеграция орталығы» қызмет етуде. Жоба бірнеше бағытты: арт-терапия, театр терапиясы, би терапиясы, библиотерапия, музыкалық терапия, заманауи фотография мен операторлық техниканы меңгеру терапиясын қамтиды. Бұл жобамен 198 адам қамтылды.

ТҮЙІН: Алматы қаласының әлеуметтік әлсіз топтарына қолдау көрсету бағытында 2024 жылы ауқымды жұмыстар атқарылды. Көптеген маңызды іс-шаралар жүзеге асырылды. Енді 2025 жылы жоспарланған іс-шаралар аясында әлеуметтік қолдау көлемін ұлғайту, инфрақұрылымның қолжетімділігін арттыру, қосымша жұмыс орындарын құру, сондай-ақ инклюзивті орта қалыптастыру арқылы қала тұрғындарының өмір сапасын жақсарту көзделіп отыр. Осылайша әлеуметтік қолдауды күшейту, халықтың әл-ауқатын жақсарту және азаматтардың тең мүмкіндіктерін қамтамасыз ету Алматы қаласының басты басымдықтарының бірі болып қала береді. Қабылданған іс-шаралар тұрғындардың өмір сапасын арттырып, әлеуметтік тұрақтылықты нығайтуға бағытталған. Бұл бағыттағы жұмыстар алдағы жылдары да өз жалғасын табатын болады.

ОЙ. ПІКІР. ҰСЫНЫС



Ләззат
ҚАЛТАЕВА,
ҚР Президенті
жанындағы
Әйелдер істері
және отбасылық-
демографиялық

саясат жөніндегі ұлттық комиссияның мүшесі:

Жобалар жол ашады

Қазақстан әрқашан азамат пен отбасының әл-ауқатын қолдауға бағытталған айқын әлеуметтік саясатымен ерекшеленеді. Сонымен бірге, әлеуметтік кодексте адам мен азаматтың әлеуметтік қорғау саласындағы құқықтарын шектеуге жол бермеу және теңдік туралы бөлек айтылады. Бүгін біз республикалық бюджеттің әлеуметтік қажеттіліктерге жұмсалатын шығындарының артып қана қоймай, түрлі әлеуметтік бағдарламалар, жобалар мен қызметтер спектрінің кеңеюін көріп отырмыз.

Сонымен қатар, бұл бағдарламалар адамның әлеуетін дамытуға, оның экономикалық автономды болу және өнімді қызмет ету мүмкіндіктерін арттыруға бағытталған. Мұндай бағдарламалар тәуелділікті дамытпауы, бірақ уақытты босатып, көпбалалы отбасылардағы ата-аналарды, мүгедек балаларды тәрбиелеп отырған отбасыларды дамуға, жұмыс істеуге, кәсіпкерліктен айналысуға, сол арқылы отбасының әл-ауқатын арттыруға ынталандыруы өте маңызды.



Сәуле
БЕКЕТАЕВА,
Алматы қаласы
«Белсенді ұзақ
өмір сүру»
орталығының
директоры:

Мүмкіндігі мол орталық

Бұл күні қанатын кеңге жайып келе жатқан «Белсенді ұзақ өмір сүру» орталығының басты басымдығының бірі – қарттардың денсаулығын күту. Алматыдағы әрбір орталықта дәрігер, психолог, нутрициолог және геронтологтар еңбек етеді. Орталық дәрігерлері қарттардың денсаулығына ерекше назар аударады. Өйткені, жасы келген кісілер ерекше қамқорлықты қажет етеді. Сонымен қатар, орталықта заңгерлер мен психологтар да жұмыс істейді. Мұндағы көрсетілетін қызметтің барлық түрі тегін. Біздің орталыққа келіп, қызметімізді пайдаланушылардың айтуынша, зейнетке шыққан қария кісілердің бос уақытын өткізу үшін таптырмас мүмкіндік.

Орталық түрлі бағытта қарттарға қызмет көрсетеді. Мәселен, олар емдік дене шынықтыру сабақтарына, психологиялық тренингтерге, еңбек терапиясына, тіл курстарына, медициналық қызметке, би үйірмелеріне қатысып, домбыра тартуды үйренеді. Сонымен қатар, зейнеткерлер скандинавиялық серуендеумен айналысады. Түрлі спорттық ойындарға да белсене қатысады. Тағы бір айта кетерлік жайт, зейнеткерлердің көбін мемлекеттік электронды қызмет түрлері қызықтыратындықтан, смартфон және компьютерлік сауаттылық курстары қарастырылып, ол жерде де өз саласын жетік білетін мамандар жұмыс істейді.

Бүгінгі таңда «Белсенді ұзақ өмір сүру» орталықтары Алматының барлық ауданында жұмыс істейді, бұл қоғамдық өмірдің түрлі салаларына қатысатын қарт адамдардың ауқымын кеңейтуге, белсенді азаматтардың көбеюі мен олардың өмір сапасының артуына мүмкіндік береді. Және бұл жерде қариялардың белсенді өмір сүруіне, өздеріне ұнаған сүйікті істерімен айналысуына толыққанды жағдайлар жасалған. «Белсенді ұзақ өмір сүру» орталығына келем деушілер саны күн өткен сайын арта түседе.

Қала бойынша тіркелген көрсетілетін қызметті алушылардың саны:

2022 жылы – 833, 2023 жылы – 2245, 2024 жылы – 6073-ке жетті.

Орталықта көрсетілген қызметтер саны: 2022 жылы – 12 323, 2023 жылы – 86 515, 2024 жылы – 313 322-ге жетті.





БІЗДІҢ САУАЛ

АЛМАТЫ – МОЛ МҮМКІНДІКТЕР ҚАЛАСЫ

Алматы жаңа жылды жақсы қарсы алды. Шаһар көшелері жылдағыдан өзгеше безендіріліп, жасыл шыршалар көптеп орнатылып, айналасына түрлі аниматор бейнелер орын тепті. Бұл көрініс, әсіресе, жарқ-жүрқ еткен әлемді сүйетін балаларға ерекше көңіл күй сыйлады. Абай алаңындағы алып шырша маңында ойнап жүрген, бетін аяз сүйген балдырғандардың ата-аналарын сөзге тартып, өзгерген Алматы туралы ойын бөлісуге шақырған болатынбыз.



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ

Айдана АСЫЛБЕК,
болашақ дәрігер:

МЕДИЦИНА МҮМКІНДІГІ
ЖОҒАРЫ

Мен әзірге студентпін. Бірақ мамандығыма сай медицинадағы тың жаңалықтарға құлақ түріп жүремін. Медициналық қызметтердің сапасын арттыру – әлеуметтік тұрақтылықтың кепілі. Өткен жазда елімізде алғаш рет «Ұрық хирургиясы» пилоттық жобасы енгізілді. Бұл, егер құрсақта жатқан шарананың дамуында кінәрат болса, соны емдейтін жаңа инновация. Бұл операция ең алғаш заманауи медициналық аппараттармен жабдықталған Алматы клиникасында жасалды. Енді бізде жылына 150-ге дейін жатыршілік операция жасауға болатын көрінеді. Бұл дегеніңіз, ең үлкен озық жетістік!



Иманбек МОЛДАХМЕТҰЛЫ,
зейнеткер:

ӨРКЕНИЕТ КӨШІНДЕ

Біздің Наурызбай ауданы бұрынғыдан кеңейіп, үлкейіп келеді. Бала саны көп. Байқауымша, біздің ауданға мектеп автобусы көп бөлінген. Баланы мектепке апарып, алып қайтатын автобустарды шет ел киноларынан көруші едік қой, сол өркениет бізге де жетті. Оқушылардың түскенін, қайтарда мінгенін қадағалап отыратын мұғалімдер де бөлінген екен. Қала әкімдігінің балалар қауіпсіздігіне үлкен мән беретіні көңілге қонады. Бұл ата-аналардың да күндіз алаңдамай жұмыс істеуіне жасалған жағдай деп білемін.



Ләззат ӘМІРЖАНОВА,
қала тұрғыны:

БІЗ ҚЫДЫРАТЫН ЖЕР КӨП

Алматы қазір жыл санап көркеюде. Біздің Алатау ауданының аумағы бұрынғыдан да үлкейіп, мәдениет орындары, балалар шығармашылығы орталығы ашылды. Ауалардың көркейгені өз алдына бөлек әңгіме. Немерелеріммен жиі қыдырамын. Үйде анам бар. Біз қыдыратын жер көп.

Бір үйлі жан болғасын, ауырмай-сырқамай тұрмаймыз. Жұырда ғана біздің Алатау ауданындағы №23 емхана базасынан «Үздік тәжірибе орталығы» ашылды. Бұл – Алматы бойынша ашылған алғашқы медициналық орталық. Тұрғындар мен дәрігерлер арасындағы байланысты нығайтуға бағытталған аталмыш жоба халықаралық стандарттарға негізделген. Мұнда халыққа кешенді медициналық, әлеуметтік және психологиялық көмектер көрсетіледі. Алматының барлық жетістігіне тілекшімін.



Бақыт ҚАНАЙ,
жүргізуші:

«СЕРГЕК» КӨПТІК ЕТПЕЙДІ

Алматыда «Сергек» бейнекамераларының көбейгені дұрыс болды. Көлігін жылдамдықты асырып жүргізетіндер үшін тежеу болған сияқты бұл қадам. Кейбір таныстарым «аттап бассаң, камера!» деп ренжіп жатады. «Тәртіпке бағынған құл болмайды» демекші, бұл ең алдымен өзіңіздің де, өзгенің де қауіпсіздігі үшін жасалған оң шешім екенін айтып жүремін.



Қорлан БОЛАТҚЫЗЫ,
ұстаз:

КІТАПХАНА АУРАСЫ
БӨЛЕК

Қазір Алматы кітапханаларының күнімен, түнімен, яғни 24/7 қағидатымен жұмыс істейтіні ұнайды. Жастар күндіз сабақта, түрлі әдеби-мәдени іс-шараларда боламыз да, кешке кітапханаларға баруға үлгермей қалып жатады. Қазір іздегеніңіз бәрі интернетте тұр дегенмен, кітапхананың аурасы бөлек. Алатын ақпараттың да сенімдірек. Мен, мәселен, Жамбыл атындағы жасөспірімдер кітапханасына жиі баратынбыз. Ішкі сондай жайлы, жап-жарық, еңселі. Тыныш қана отырып кітап оқитын зона бөлек. Ал достарыңмен әлдебір тақырыпта пікір таластыру қажет болса, оған бөлек зона арналған. Ешкім ешкімге кедергі жасамайды. Бізге рухани бай ұрпақ керек деп ойлаймын.

Біз тілдескен тұрғындар алып шаһардың жетістігін осылайша тізіп берді. Әрине, қуандық. Алматының жарқын келбеті – халқының әлауқатының көрсеткіші деуге де негіз бар. Алматылықтарды Жаңа жылмен құттықтаймыз. Алдағы табыстырға дәл осылай ниет, тілек, жүректерді біріктіріп бірге жетеміз деген сенімдеміз.

Әңгімелескен
Нұржамал ӘЛІШ.

ІЗГІЛІК

ШАТТЫҚҚА ТОЛЫ ШЫРША

Тау етегіндегі балалардың думанды мекені – Оқушылар сарайында ата-анасының қамқорлығынсыз қалған 170 бала таңғажайыпқа толы шырша мерекесінің қонағы болды. Дәстүрлі жаңажылдық шырша мерекесін биыл Алматы қаласы әкімдігі, Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл Агенттігінің Алматы қаласы бойынша Департаменті, «ІМЕІ» халықаралық ақыл-ой білім беру орталығымен бірлесіп ұйымдастырды.

Рая
ЕСКЕНДІР



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

біраз тұрды да, қызықты ойынға кірісіп кетті. Мұнда балақайларды қызықты интерактивтер, көңілді ойындар, әдемі би мен түрлі сыйлықтар күтіп тұрды. Шырша қонақтарын қалалық Білім басқармасы басшысының орынбасары Бибігүл Төлепбергенқызы құттықтап, оқуда озат, спортта биік табыстарға жетуге шақырды.

Келесі сәтте барлық балалар Оқушылар сарайының шығармашылық ұжымы ұсынған концерттік бағдарламаны тамашалап, түрлі ертегі кейіпкерлерімен кездесті.

– Жаңа жыл балалардың ең жақсы көретін мерекесі. Өйткені, бұл мереке шаттық пен қуанышқа толы. Сондықтан балалар оны жыл бойы тосады. Биыл осынау сиқыр-

лы мерекені Оқушылар сарайының ұжымы ұйымдастырып, оған бірнеше серіктесіміз қолдау көрсетіп отыр. Қайырымдылық танытып, көмек көрсеткен серіктестеріміз «ІМЕІ» халықаралық ақыл-ой білім беру орталығына, Оқушылар сарайының шығармашылық ұжымына, Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл

Агенттігінің Алматы қаласы бойынша Департаментіне және Қазақстанның автомобиль тасымалдаушылары мен экспедиторлар одағына шын жүректен алғысымызды білдіреміз. Осындай жүрегі жомарт жандардың арқасында бұл күн балалар үшін шын мәнінде ертегі болды. Алдағы 2025 жылы ел Үкіметі балалар үйінде тәрбиеленіп жатқан балаларды патронаттық отбасылардың тәрбиелеп алуы үшін заңды ережелерді жеңілдетуді жоспарлап отыр. Бұл, әрине, құптарлық бастама болар еді, – дейді Қоғамдық кеңестің мүшесі, белсенді жас Рафаэль Гасанов.

Ортаға Қарша қызын ерткен Аяз ата шыға келгенде бала біткен жамырай амандасып, ұзақ қол соқты.

«Мен ұзақ жолдан келдім. Жол бойы жағымсыз кейіпкерлер кездесті. Олар менің тәтті толы қапшығымды тартып алмақшы болды. Дегенмен, қайырымды кейіпкерлердің көмегінің арқасында сендерге аман-есен жеттім. Мен сендерді сондай сағындым», – деген Аяз ата алыстан әкелген тәттілерін таратты.

Шырша мерекесінің соңында серіктестер әрбір балаға дәмді де тәтті торттарды сыйға тартып, Аяз аталар арнайы көліктермен шығарып салды.

Алдымен балақайларды түрлі ертегі кейіпкерлері қарсы алып, оларды үлкен залға бастады. Нағыз ертегі әлеміне айналған кең зал іші қуанышқа толы. Міне, Оқушылар сарайының салтанат залы нағыз қуаныш пен адам сенбес сиқыр әлеміне айналғандай. Ертегі кейіпкерлерінің барлығы осында жүр.

Міне, нағыз қуанышты сәт басталып, ортадағы алып шырша маңына жиналған балалар осынау ғажайыпқа сенер-сенбесін білмей



(Сурет: ашық дереккөзден).

ӘЛЕУЖЕЛІ ӘЛЕМИ

Өмір сондай күрделі. Ешкімнің де алдында үнемі даңғыл жол жатпайды. Соқтықпалы, соқпақты тар жолдарға да түсеміз. Адасып жүріп, жол табамыз. Өмірдің өзі үлкен ұстаз. Өткеннен сабақ алып, тәжірибе жинап, есейеміз дегендей. Біз бүтін ӘКЕ туралы сөз қозғаймыз. Әлеуметтік желіде осы тақырыпта пікір бөліскен, ой айтқан жандардың сырына үңілеміз.

facebook

«ҚАРТАЙҒАН ШАҚТА ҚАЙТЕСІЗ?..»

Әуелі осы тақырыпты неге жазғым келгенінен бастайын. Үлкен шаһардан бұрынғы әріптесімді кездестіріп қалдым. Анасының осыдан бес-алты жыл бұрын қай-

әр қызыңыздың қолында бірер ай тұрмайсыз ба?..» дегендей. «Е-е, сендер не білесіңдер?!» деп, бәрібір үйленіп алыпты нағашы атам. Ол кезде, шамамен, 70-75-терде екен. Нағашы атам 100-ге жақындап қайтты. Сонда анамның: «Кемпір алғаны дұрыс болыпты, өзімен-өзі отырды. 25 жыл ішінде бәрімізді мезі етер еді», – дегені есімде.

Айнұр Сағиева:
– Ер адамның үйленіп алғаны дұрыс. Үйдің берекесін әйел келтіреді.



ҮЙДІҢ ИЕСІ ДЕ, КИЕСІ ДЕ – ӘКЕ

немесе осы тақырыпта ой айтып, пікір бөліскен жандардың сырына үңіліп көрелік

тыс болғанын естіген едім. Өзінің, әкесінің жағдайын сұрадым.

– Өлі күнге таңертең тұрып, бейіт басына барып келеді. Жаныма батады жалғыздығы. Көп күрсінеді. Мамам екеуінің махаббаты ел қызығатындай болған ғой негізі. Дастархан басында екеуіміз ғана отырамыз, үнсіз шәй ішеміз. Мен де тұрмыс құрмадым. Уақыт өтіп барады..., – деді ол.

Бір әйелдің бұрын бір айтқан әңгімесінің есіме түсіп отырғаны осы ретте.

– Үйде өңкей қызбыз. Шешем қайтыс болды. Уақыт өте, алдымыз тұрмыс құрып кетіп жатты. Әкеме үйлену керек болды. Сонда мен қайтыс болып кеткен шешемді қызғанып, үйде жүрген бөтен әйелді елестете алмай, «сіз үйленетін болсаңыз, мен үйден кетем» деп тентек нөмізіме бастым. Ол әрекетімнің теріс екенін кейін түсіндік қой, – деген еді.

Facebook-тегі парақшама осы жайтты жаздым. Тақырып көпшілікті бей-жай қалдырмады, көзіқаракты оқырмандарым пікірлерін қалдырып жатты.

Гүлжан Амангелдіқызы:
– Еркектің алдында әйелі кеткен жаман. Өмірдегі ең қорқыныштысы да сол.

Гүлімай Әбішқызы:
– Ешбір адам баласы жалғыз болмағаны жөн. Жалғыздықтан құтқару керек. Әрекетпен көмектеспесе де, кеңес беріп, ниет қосып.

Рауза Темірғалиева:
– Ер адамға жалғыз қалу тіпті жаман. Артық айтсам, Алла өзі кешірсін мені, әйелінің артында көбіне жарын бағаламаған еркектер қалады. Ниеті түзу еркектер әйелінен бұрын кетеді.

Бекмырза Сырымбетұлы:
– Мәңгілік ештеңе жоқ. Екеуінің біреуі бірінші болып кетеді. Бірақ ер адамның бірінші кеткені қолайлы. Келіні қанша жақсы болса да, үлкен кісінің жағдайын жасай алмайды. Ыңғайсыздық тудырады. Қариялар аман болсын!

Нако Қабдықайырқызы:
– Әкем «мені Бақыттың алдында алсын» деп отырушы еді, шын тілеген екен, кете барды енді немере қызығын көреді дегенде...

Майра Айтуар:
– Бір таныс кісіні білемін, әйелі қайтыс бола сала басқа әйелге кетті...

Төлен Рамазанұлы:
– Нағашы әкем қайтқаннан кейін атам кемпір алмақшы болған. Қыздары қарсы болған екен: «Қартайған шақта қайтесіз. Қонақтап,

Рая Тұябақова:
– Менің құрбым жалғыздықтан шаршадым деп жүрді. Бір күні көршісінің таныстары әйелі қайтыс болған бір кісімен таныстырады. Ол кісі туыстарын жинап, «Мына кісімен бас қосамын. Кір-қонымды келінге жуғызға ұяламын. Ертеңгі күні ауырғанда да қарайтын адам керек, бәрі жұмысқа, сабаққа кетеді, күнімен жалғыз отырамын. Бұл ойыма не дейсіздер?» дейді. Келін-бала, бауырлары қуанады. Кафеде дастархан жайылып, біз құрбымызды ұзаттық. Қазір үй-іші риза. Келін жұмыстан келгенде үй жинаулы, тамақ дайын, балалар тоқ. Дастарханды жайнатып отыр құрбым. Немерелер «апалап» еркелеп жүр. Кеше келіп әңгімелесіп кетті. Жасы 63-те, күйеуі 70-те. Еш айыбы жоқ, шүйіркелесіп шәй ішеді, немерелерді қарайды.

Жанар Жыланды:
– Жалғыз-жарты адамдар болса деп тілеймін. Теңін тауып жатқандарды көргенде қуанамын.



БАРЫҢДЫ БАҒАЛАҒЫН

Instagram платформасында осы әлеуметтік желінің Айқа есімді қолданушысы қолын артына ұстап, ақырын аяндап келе жатқан әкесін алыстан суретке түсіріп алып салып, астына «Жаным, әкешім! Ер адамның артта қалғаны өте қиын екен. Анамыз кеткелі қанша жылдар болды! Әкемізге ұл-қыздары той жасап берейік десек, көнбей отыр. Жанымда аналардың жоқ, жалғыз өзім қалай шығамын ортаға деп. Осынау өмірімде маған ең ауыр әсер еткен сөз осы болды...» деген әсерлі жазба қалдырған болатын. Бұл жазба да көптің нәзік көңілін бір тербеп алды.

– Менің де 39 жасымда келіншегім қайтыс болды. Бес жыл өтті, жалғыз өзім еш жерге барғым келмейді. Үй, жұмыс, балаларым, басқа ешнәрсе қызық емес.

– Әкем марқұм маман кеткен соң үш жыл шыдап, ауырып, тұра алмай, артынан кетті. Жас күндерінде кездескен бір тал бар екен, соның түбінде жүздесеміз деп уәделесіпті көзі тірісінде. Сонда күтетін боламын сені деген ғой анам...

– Мен де жеңгемнен айырылдым. Ағамды көрсем, жүрегім қатты ауырады. Жарым көңіл болып қалады екен ғой ер адам.
– Ер адамның әйелінің артында

қалғаны қиын. Менің әкем де көпке бармады, анамнан кейін екі жылдан кейін қайтты. Сонда қанша көңілің табуға тырысып, үлкен-кішіміз түгел бәйек болып, барлық дәмдіні алдына қойып, жасасын да кірлетпей, әдемінің бәрін үстіне жапсырып жатсақ та, жетімнің күйін кешкендей мұңайып жүретін, үнсіз ойланıp отыратын сәттері өте көп еді...

– Еркек әйелі кетсе ешкімге керексіз адамдай, кішкентай қорғансыз баладай жәуаптен қалады. Бәрі өтіп кеткен соң өкінбес үшін, барыңда бағалау керек сондықтан.

– Анам 57 жасында қайтқанда әкем 59-да еді. Үш жылдан соң «мен үйленсем қайтпайды?...» дегенде мен «анам ше?...» деп ағыл-тегіл жылап, «анаң бөлек қой, қызым, оның орнын ешкім баса алмайды, бірақ маған бірге қауқылдасып отырып шәй ішетін адам керек» деген. Содан әкемді үйлендірмей қойғаным, анама сатқындық жасамаңыз деп. Ол кезде жиырмада едім. Өмірдің мәнін қайдан ұға қояйын?! Арада он жыл өткенде қатты өкіндім ғой сол қылығыма, «неге рұқсат бермедім екен» деп. Бала-шағасының ортасында отырса да қатты жалғызсырайтын. Сол жанымға бататын. Сонда «өзім білем не істесем де!» демей, баласының көңіліне қараған әкенің жанын түсінбегенім-ай!..



ЖҮРЕКТІ ТЕРБЕГЕН
БЕЙНЕЖАЗБА

Естеріңізде ме, әлеуметтік желіде, нақтырақ айтқанда, TikTok бетінде темір рельс бойымен ақырын қозғала бастаған пойызға ілесіп, сыртта, қалмай жүгіріп келе жатқан, пойыз жүрісін үдеткенде адымын одан сайын ашып, қалаға, оқуына кетіп бара жатқан баласымен қайта-қайта қолын бұлғап қоштасқан қызыл күртешелі қарапайым әкенің видеоcы тарап еді ғой. Вагон ішінде видеоға түсіріп отырған баласының бұлыңғыр бейнесі де байқалады бергі беттен.

Бұл бейнежазба да барлық платформада мындап таралып, елжұрттың жүрегін елжіретті. Видеоның бетінде «Күн демей, түн демей, үш жұмысты қатар істеп, баласын оқуға шығарып салып жатқан әке!» деген сөздер бар. Әлеуметтік желі қолданушылары белгісіз әкеге барлық ықылас-ниетін арнап, амандық тілеп жатты.

– Нағыз азамат екен, бала-шағасы үшін аянбай жүрген! Бала секілді пойыз соңынан жүгіріп ке-

леді. Баласы да жылап отырған секілді вагон ішінде. Әкесінің осы еңбегі зая кетпейтініне сенемін. Себебі, осындай мейірбан әкеден жаман бала шығуы мүмкін емес. Жүрегім ауырып кетті мына видеоны көріп. Шіркін, менің де әкем осылай оқытқан еді, марқұм. Денсаулығына байланысты өмірден ерте озды.

– Бала кейін осыны түсінсе игі. Алған келіншегі дұрыс болса екен. Әкенің қиналып оқытқанын тез ұмытады қазіргі балалар. Қарттар үйіндегі қариялардың күні дәлел бұған. Отбасы тәрбиесінен бұрын сана бергей ұл-қызға!

– Әке мейірімін көрмеген мен түсінбейді екенмін мұндай сезімді. Қасымда бола тұра, бір келіп, басымнан сипап, маңдайымнан да иіскемеді. Жақсы әке болса, қадір-леңіздер, әрине.

– Әкем әр дүйсенбі жиналысқа келгенде, маған ақша беріп кететін. «Шалдың қызы» деген сайын айтқанымды істететінмін. Әкем маған разы болып кетті ме, жоқ па деп ойланıp отырып, өзімнің түрлі қылықтарым есіме түсе бере жылап қаламын. Әкемді бейітінен қазып алып, мойнына асыла кетіп жыласам ғой деп қиналған, сағынған кездерім қисапсыз...

– Осындай әкелердің балалары, мақтанындар әкелеріңмен! Менің де әкем мен бой түзегенде қуанып, плащ пен туфли әкеп берген. Анамыз науқас, сондықтан барлық киімді әкеміз әкелетін. Үйде алты қыз болдық. Бәріміздің аяғымызды қарыстан өлішеп алып кететін. Үйге келгенде сатып әкелген аяқ киімі үлкендеу немесе тар болып қалса, ерінбей барып, қайта ауыстырып әкелетін. Мен тұрмысқа шыққан кез еді. Сонда үйге сегіз колготки әкелген ғой, мені де қоса есептеп, тоқсаныншы жылдардағы сонау таршылық заманда, алты қыз, жеңгем және анам, бәрімізді сегіз деп есептеген. Әйел баласын қатты құрметтейтін. Жұмысыма қолдап, аппақ шапка және жылы шұлық әкеліп тұр бірде. Адамдардан қысылып, мені ылдап шақырып алып, күртешесінің әр қалтасынан шығарып берген еді сонда сол заттарды. Жаным әкем, қазір қоларбаға отырып қалды. Келіміме рахмет айтамын қарап отырған!

ӘДЕП-ИБА ӨЛШЕМІ

Бізде әйелдер, аналар мерекесі бар. Енді 2023 жылдан бастап ұлт-

тық деңгейде Әкелер күні аталып өтіп жүр. Күнтізбемізге маусымның үшінші жексенбісі болып енген. Иә, отбасының тірегі деп – отағасыға, қарашанырлықтың иесі деп – әкеге осыншалықты мән берілгені онды шешім болды. Сондай-ақ, «Әкелер одағының» құрылғаны да дұрыс қадам. Әкелеріміз мықты, жүректі болғандықтан, бізге осынау ұланғайыр дала мұра болып қалған. Әке, ата ұғымында кие де, қасиет те бар. Демек, Атажұрт, Атамекен деген содан шыққан деуге негіз бар.

Жасыратыны жоқ, қазір кейбір ұлттық құндылықтарымыздың шегесі босап, кейбір әкелердің отбасындағы беделі төмендегені рас. Әйелге де, балаға да жуан жұдырғын ала жүгіретін, алимент төлеуден де қашып жүретін ер адамдар аз емес. Ал ондай әкеден тараған ұрпақтың қалай болатыны тағы белгісіз. Сондықтан әлі де кеш емес. Қазақы болмысымызға тән «әкенің сесі, мысы» деген ұғымдар сақталуға тиіс. Әкелер күні де сол олқылықтардың орнын толтыруға, отбасы институтын нығайтуға, отбасылық құндылықтарды дәріптеуге ықпал етері сөзсіз.

Ал негізінде әке беделінің жоғары болуы үйдегі отанасына көп байланысты. Есіңізде ме, «Абай жолында» бала Абайдың қаладан, медреседен ауылына асығып келіп, туған-туысымен қауышатын сәті?! Семейде үш жыл оқып, жайлаудағы әке үйіне күн кешкіре жеткен 13-тегі Абай аттан түскен бетте көп ішінен ең алдымен шешесін көріп, соған қарай жүре беріп еді, анасы анадай жерде тұрып: «Әй, шырағым, балам, әуелі, арғы жағыңда әкең тұр, сәлем бер!» деуші еді ғой. Бір сәтке балалығы жеңіп, қателік жіберіп алғанын түсінген жас Абай кілт бұрылып әкесі Құнанбай тұрған оқшау топқа қарай адымдай жөнеледі. М.Әуезов мұны қазақтың жүрекке жылы тиер осындай ғажап дәстүрінен хабардар ету үшін ғана емес, оның тәрбиелік маңызын да көрсетіп отыр. Ата-ананың бір-бірінің қадір-қасиетін бала алдында осылайша ардақтап, беделін асыруы – әдеп-иба өлшемдерінің терең тамырланып, кең жайылуының кепілі. Демек, ертеңгі үлкен өмірге бастайтын ұлы жол үйіміздің табалдырығынан басталады.

Нұржамал
ӘЛІШ,
журналист.





ЕСТЕН КЕТПЕС ЕСІМ

Қазақ әскери ғылымының атасы Бауыржан Момышұлының ешкімге ұқсамайтын әскери өнері мен соғыс жүргізудің теңдессіз тактикасын төрткүл әлемнің әскери мамандары түгелдей мойындады. Оның «Мәскеу үшін шайқас», «Волоколамск тас жолы», «Қанмен жазылған кітап» (Соғыс психологиясы) деген еңбектері жауынгерлік өнердің алтын қазынасына айналды. Әскери ғылымға негізделген бұл кітаптарда ұрыс тактикалары, қорғаныс шептері, тосын шабуыл жасау, әскери айла-тәсіл, темірдей тәртіп, патриоттық тәрбие, соғыс психологиясы түгелдей қамтылған. Куба, Никарагуа, Израиль, Польша, Болгария, Венгрия, Чехия мен Словакия мемлекеттері батырдың еңбектерін мемлекеттік оқу бағдарламасына енгізіп, әскери пән ретінде оқытып, сарбаздармен жұмыс жүргізуде тәрбие құралы ретінде пайдаланып келеді. Израильдегі әскери училищеде «соғыс психологиясы» — әскери-теориялық пән. Офицер шенін алатындар осы пән бойынша сынақ тапсырады. Қазақтың қаһарман ұлы: «Өз елін мақтаныш етпеу — сатқындықпен тең» деген. Ал біз қашан Момышұлының еңбектерін әскери оқу құралы ретінде мемлекеттік бағдарламаға енгіземіз?!

ТАПҚЫР БАСШЫ

Қазақ — жылқы үстінде өмір сүріп, жорыққа шығып, ат жалында ұйықтаған ұлы даланың ұрпағы. Осы өр мінезінің арқасында бізге ұлан-байтақ жерді аманат етіп, мұраға қалдырды. Қазанатты қанат қылып, дүниені дүр сілкіндірген бабаларымыздың жауынгерлік сан түрлі тактикалары мен айла-тәсілдеріне төтеп бере алатын жау болмаған. Оның ішінде біздің білетініміз де, білмейтініміз де көп. Жаратылысынан дара туған, бойында сан өнердің ұшқыны бар, баба жолын өзіне мұрат еткен Ұлы қолбасшы Бауыржан Момышұлы Екінші дүниежүзілік соғыста тек қана қару-жаракпен қаруланбай, ата-баба жолының жауынгерлік тактикасын тиімді қолдана білді. Бауыржан Момышұлының еңбектерін оқып отырып, оның бабаларымыздың «көз алдау», «ай қораланды», «қоян қашты», «тұлма», «моңғол диірмені» сынды сан түрлі тәсілдерді еркін меңгергенін анық көруге болады. Ол шайқас алаңында майдангерлерге ұрыс өнері тек қана атыс-шабыстан ғана тұрмай-тынын талай мәрте дәлелдеп берді. Жауды жеңу үшін үлкен әдіс-амал керек. Бұл әрекет — адамды көп шығынға ұшыратпай, аман алып шығудың ғажап тәсілі. Осы әскери өнердің арқасында бабаларымыз алып зеңбірекпен, мұздай қарумен, мылтықпен жасақтанған жоңғарларды найзаның ұшы, қылыштың жүзі, дойыр қамшымен, шойын бас шоқпармен ұлы жеңістерге жеткізіп, көзін қан талаған дұшпанын жер бетінен жойып жіберді. Қазақ халқының ерлік пен батырлыққа толы тарихын білетін батальон командирі жетік стратег, асқан тактик, тамаша психолог болғандықтан шайқас алаңында бетпе-бет келген талай ажалдың бетін қайтарып, кезіккен қиындықты асқан шеберлікпен, үлкен даналықпен шешіп, талай рет жауынгерлерін жау шебінен аман-есен алып шықты.

Халық қаһарманы 1941 жылдың қыркүйек айынан бастап, Екінші дүниежүзілік соғысқа қатысып, генерал-майор И.В.Панфилов басқарған әйгілі дивизиясының



ӘЛЕМ МОЙЫНДАҒАН ҰЛЫ ҚОЛБАСШЫ

құрамында Батальон командирі болды. Аға лейтенант Бауыржан Момышұлы Мәскеу үшін шайқаста 207 рет ұрысқа қатысты. 1941 жылдың 16–18 қараша күндері вермахтың Мәскеу бағытында екінші мәрте жасаған жорығы кезінде аға лейтенант Момышұлы басқарған батальон дивизиядан қашықта, Матронино деревнясының жанында Волоколамск тас жолында асқан ерлікпен ұрыс жүргізді. Білікті комбаттың басшылығының арқасында 3 күн бойы аз әскермен фашистер қоршауында қалған батальон мұздай қаруланған жау шабуылын тойтарып, ұрысқа қабілетті жағдайда қоршауды бұзып шыққанда Кеңес Одағының әскер басшылары қазақ қаһарманын еріксіз мойындап, таңдай қаққаны бар.

АТЫ АҢЫЗҒА АЙНАЛДЫ

Бауыржан Момышұлы — әскери педагогика мен әскери психология ғылымына баға жетпес мұра қалдырған дара тұлға. Ерлік пен өрлікке толы А.Бектің «Волоколамск тас жолы» кітабы неміс, чех, еврей, ағылшын, француз тілдеріне аударылды. Бұл шығарманы сарбаздарының бойына патриоттық рух дарытатын жалын десек болады. Батырдың әскери өнері сонау ғұн, сақ, түркі тайпаларының келе жатқан әскери тәсілдерінің жиынтығы. Ежелден аттың құлағында ойнап, ұлы даланың қыр-сырын меңгерген бабалардың жолымен жүрген шебер қолбасшының ақылы мен тапқырлығына ұрыс алаңында генерал-майор Иван Васильевич Панфилов та талай мәрте таңқалып, тамсанғаны бар. Моисей ұлдары Израиль мемлекетін құрарда қазақ ұлының әскери тактикасын ұстануға белді бекем буды. Мұны Израильдік тарихшы Арон Ильич Шнеер Ресей президенті Владимир Путиннің Кремльде Бүкілресейлік конференцияға қатысушылармен кездесуінде үлкен мақтанышпен айтқанын барша әлем жұрты көрді. Ол:

— 1946 жылы Александр Бектің «Волоколамск тас жолы» кітабы иврит тіліне аударылды. Жаңа Израиль мемлекеті құрылуда бұл кітап Израиль армиясының әрбір

офицеріне қару-жаракпен бірге беріледі. Бұл тек оқу құралы ғана емес, сонымен қатар іс-әрекетке нұсқау болды. Израиль армиясы бас штабының басшысы болған генерал Мота Гур рота командирі болған кезіндегі бір оқиғаны былайша сипаттайды: «Мен бойларын үрей мен қорқыныш билеп, ұрыстан қашып кеткен сарбаздарды шеру алаңында сапқа тұрғызып: «Волоколамск тас жолы» кітабының бір тарауын оқуға кірістім. Онда «Жас сарбаз, сіз өзіңізді ұрыс позицияларын тастап кетіп барамын деп ойлайсыз ба, жоқ, сіз Отаныңызды, Мәскеуді жау қолына тапсырып кетіп барасыз!» деген жеріне келгенде тоқтап, жауынгерлердің жүзіне үңілгенде, олар бойларындағы қызығымды сезімін жеңгенін байқадым.

ТАРИХ ТАҒЫЛЫМЫ

Міне, тарих тағылымы. Бұл — нағыз ерлік пен қаһармандық үлгісі. Ұлы қолбасшы Бауыржан Момышұлының патриоттық рухымен сол кездегі жас Израиль әскері тәрбиеленді», — деп, генерал үлкен мақтанышпен естелік қалдырған. Осыдан артық қандай мойындау болмақ?!

Екінші дүниежүзілік соғыс жеңіс пен жалауын желбіреткеннен кейін де ұлт батырының даңқы мұхит асып, сонау Кубаға дейін жетті. 1492 жылы Христофор Колумбтың ашқан Куба аралының батыр ұлдары азаттық жолында күресіп, Испаниядан тәуелсіздігін алған елдің бірі екенін тарихтан білеміз. Міне, осы Куба мемлекетінің басшылары Бауыржан Момышұлын офицерлерге дәріс беру үшін өз еліне шақыртып, әскери тактикаларын күшейтіп алды. Бұл жайында біз ғалым, Бауыржантанушы Мамытбек Қалдыбайұлының қалдырған жазбаларынан жақсы білеміз. Онда ұлт батыры өзінің Кубадағы сапары жайында былайша баяндайды:

— Кубалықтар мені Кубаның мемлекеттік әнұранымен қарсы алды. «Совет Одағының батыры — Бауыржан Момышұлына жалынды сәлем!» деген қызыл матаны көзге түсер жерге іліп қойыпты. Түрлі әсері бөлімдерде кездесуде болдым. Куба офицерлеріне дәріс

оқып, олардың сұрақтарына жауап бердім. Оңаша сөйлесіп отырғанымызда, Куба Қорғаныс министрі Рауль Кастроның: «Қымбатты Бауыржан, өзіңізді үйіңіздегідей сезініңіз» деген лебізін естісімен мен галстугымды шешіп, талтаң-талтаң басып, бір креслоға ілдім. Костюмді шешіп, келесі креслоға ілдім де, көзімнің қиығымен Рауль Кастроға қарадым. Ол қабағын шытып, жақтырмай қалды.

Мен бірден: «Сіз маған өзіңізді үйіңіздегідей сезініңіз» дедіңіз ғой. Мен өзімді үйімдегідей сезініп едім, жақтырмай қалдыңыз. Жоқ, мен өзімді қонақ ретінде сезінемін» деп галстугымды мойныма тағып, костюмді қайта үстіме кигенімде, Рауль Кастро актерша күліп:

— Сіз аудиодоряны бірден баурап алады екенсіз, мұнығыздың қандай құпия-сыры бар?», — деді.

— Мені сынамақ ойдасыз ғой. Сынасаңыз, сынаңыз! Сөйлеуші кісі көкейкесті мәселеден ауытқып, маңызсыз ұсақ, бұрыннан жұртқа белгілі жайларды сөз етіп тыңдаушысын жалқытырып алмауы керек. Мен өз тәжірибемде адамдар сезіміне ұмытылмас әсер етіп, ойына ой қосатын ең маңызды детальдарға, эпизодтарға ерекше көңіл бөлемін. Меніңше тыңдаушы жүрегін жаулап алудағы ескерер ең басты мәселе шабыттана, рухтана білу. Ақын шабыттанбай, рухтанбай ел жүрегін елжіретер жыр жаза алмайды. Шешен шабыттанбай, рухтанбай тапқыр шешен сөйлей алмайды деп жауап бердім. Ол жауабыма риза болды-ау деймін, қолымды құшырлана қысты.

Кубаға турист ретінде 10 күнге бардым. Рауль Кастро Совет Одағы Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы Никита Сергеевич Хрущевке телефон соғып, Куба әскерілеріне дәріс оқу үшін тағы бір айға қалдыруын өтініп, рұқсат алды. Мен бір айдың көп екенін, дәрісімді 20 күнде оқып үлгеретінімді айтып, 20 күнге қалуға келісім бердім». Бұл әңгімеден кубалықтардың Бауыржан батырға деген қимастық сезімдерін көруге болады.

Осы сапар жайында Мамытбек Қалдыбайұлы Куба газеттерінде, журналдарында батырдың фотосу-

реттері, сөйлеген сөздері жарияланғанын жазады. Бауыржан атамыздың соғыс тактикалары Куба, Израильде ғана емес, басқа да елдердің әскери оқу құралдарына енгізілді. Бұл тарихи деректер Бауыржан батырдың өткен тарихымыздағы әлемді аузына қаратқан Аттила, Шыңғыс хан сияқты қолбасшы болғанын айғақтайды. Ал қазіргі біздің әскер әлі күнге қолда бар асыл қазынамызды халық игілігіне айналдыра алмай отырғаны елдігімізге үлкен сын. Бауыржан Момышұлы Совет Армиясы Бас штабының Жоғары әскери академиясын бітіріп, Әскери-педагогикалық жұмыспен айналысып, Совет Армиясы әскери академиясында сабақ береді. Міне, жер-жанды дүр сілкіндірген алып империяны өзінің ақыл-парасатымен мойындаған батырымызды біз әлі күнге өз деңгейінде бағалай алмай келеміз.

БАТЫРДЫҢ ӨСИЕТІ

Бауыржан Момышұлы шығармалары жастарға әскери-патриоттық тәрбие берудің тамаша үлгісі. Оның әр қанатты сөзі адамды рухтандырады, бойыңа алаулаған жалын береді. Мәселен, мына қанатты сөздерден тебіренбейтін адам, елжіремейтін жүрек жоқ:

«Өмірде жалтақ болмаңдар, біреудің аузына қарайлап, соның айтқанына көніп, айдауында жүруді ізеттілік екен деп жаңсақ түсінбедер. Үлкеннің айтқанын екі етпеу, сөзге тоқтау — сыйластықтың, әдептіліктің әліппесі екені рас. Бірақ тек сонымен шектеліп қалушылық жас адамға пайда бермейді. Оған қосымша өзіңнің кісілігің, жол білер азаматтығың болу керек. Әйтпесе, біреудің айтқанына көніп, айдауымен жүру немесе «барып кел, алып келдің» адамы ретіндегі қолбала болу жасқаншақтыққа, кіріптарлыққа ұшыратады».

«Ашу-ызамен емес, ақыл-парасатпен үйрет, мейірімділікпен, ын-та-ықыласпен үйрет, бірақ жөнесіз мақтама, орыңсыз жекіп сөкеп, дағтама, қояншығы ұстаған адамдай құр босқа айқайлап, бақырма. Орыңды жерде қатал бол. Қаталдық әділ болсын, ешуақытта сарбаздың бойындағы адамгершілік сезіміне, намысына тиіп қорламайтындай бол!».

«Мен Отанымды сүйемін, ол үшін жанымды беремін», — деген жай күмілдеген сөз емес. Өз жерін сүю нақты іспен дәлелденеді. Менің өмірден тоқығаным: Отанға деген сүйіспеншілік ата-анаға, бауырыңа, туып-өскен ауылыңа, қалаңа, өз ұлтыңа деген махаббаттан басталады. Өз ауылының тасын қадірлемеген басқа ауылдың тауын да сыйлай алмайды. Халықтар арасындағы қасиетті достық осы сезімнен басталады». Қазақта «Әскері мықтының сағы сынбайды» дейді. Сондықтан еліміздегі жастардың бойына патриоттық сезім үялатуда Отанымыздың абыройлы ұлдары жайында кештер, шаралар өткізуді халықтық деңгейге көтеруге бізге керек.

Бауыржан Момышұлы қорқыныш пен қорқақтық жайында былай дейді:
«Нағыз қорқақтық өлімнен қорқу емес, сол сағатта болып жатқан қиындықты, шындықты жасырмай айтудан тайсақтау, жауапкершілікті өзіне алмай басқа біреуге аудару. Соғыста одан өткен қауіпті, одан өткен қатерлі нәрсе жоқ. Мұндай қорқақтықтың арты біреудің қымбат өмірін күйомен, құрбандыққа жол берумен аяқталады». Иә, қорқақтықтың арты сатқындыққа апарады. Ал әр мемлекеттің ел іргесі мықты, қорғаны күшті болуы үшін — өжет, батыл, батыр, ержүрек ұрпақ тәрбиелеуі басты міндет.

Алма СЕРІКҚАЛИ,
Қазақстан Журналистер
одағының мүшесі.



ҚАУІПСІЗДІК САЯСАТЫ

КИБЕРҚЫЛМЫСПЕН КҮРЕС

ақпараттық жүйені қорғай алатын мамандарды қажет етеді

Курсанттарымыз
қос дипломға ие болады

– Рашида Тұрсынқызы, осы күні азаматтарымыз интернет алаяқтарына әлсізге алданып қалуда. Демек, киберқылмыс – оңай шағылар жаңғақ емес. Шын мәнінде, полиция – қорғанымыз. Солай демекші, алғашқы қарлығаштай саналатын болашақ сала маманы, тәртіп сақшысы – курсанттарыңыз теорияны практикамен қалай ұштастыруда?

– ИМ Алматы академиясы – техникалық мамандықтар, соның ішінде киберқылмыспен күрес бойынша мамандар даярлайтын жалғыз ведомстволық оқу орны. Академия ақпараттық технология және киберқылмысқа қарсы іс-қимыл саласында курсанттарды даярлауды жалғастыруда. «Ішкі істер органдарының қызметін ақпараттық-техникалық қамтамасыз ету», «Ішкі істер органдарының қызметін IT-криминалистикалық қамтамасыз ету» және «Киберқылмысқа қарсы іс-қимыл» сияқты білім беру бағдарламаларымыздың аясында біз ақпараттық технологиямен, IT-инфрақұрылыммен, бағдарламалау және ақпараттық қауіпсіздікпен байланысты негізгі пәндер бойынша мамандарды дайындаймыз.

Мақсатымыз – курсанттарды теориялық оқыту ғана емес, практикалық дағдыға үйретудеміз. Осы жолда салалық сабақтар мен ғылыми зерттеулер жүргізуге отандық және шетелдік жетекші мамандарды белсенді түрде тартудамыз. Сондай-ақ, Қаздрим және Таргет Ай сияқты ірі IT-компаниялармен ынтымақтастамыз.

– Бірегей білім беру жобаларыңыз бар ма?

– Иә, әрине, 2023 жылдан бастап біз Алматы менеджмент университетімен (AlmaU)

Ғаламтор ғаламды шарлаған шақта уақыт өткен сайын қылмыс та қу түлкідей түрленіп, қырық құбылуда. Заман ағымына ілесіп қылаң берген сондай қылмыстың топ басында сайда санын, құмда ізін білдірмейтін киберқылмыс түр. Ел азаматтарының қауіпсіздігін қашанда басты орынға қоятын Мемлекет басшысының тапсырмасымен былтырдан бастап ҚР ПМ М.Есболатов атындағы Алматы академиясы осы саланың мамандарын дайындауды қолға алғанын білеміз. Бүгін біз аталған академияның Киберқауіпсіздік және ақпараттық технологиялар кафедрасының бастығы, полиция подполковнигі Рашида Қадырованы әңгімеге тартып, ақпараттық технология қарыштаған уақытта киберқылмысқа қарсы іс-қимылға қауқарлы болуы тиіс сала мамандарын даярлаудың жік-жақпарын ашуға тырыстық.

бірлескен қанатқақты (пилоттық) жоба әзірледік. Біз «Ішкі істер органдарының қызметін IT-криминалистикалық қамтамасыз ету» және «Бағдарламалық қамтамасыз ету инженериясы», сондай-ақ «Киберқауіпсіздікті қамтамасыз ету» және «Бағдарламалық қамтамасыз ету инженериясы» сияқты бағыттарды қамтитын қос дипломды білім беру бағдарламаларын іске қостық. Бұл бағдарламалар біздің курсанттарға екі диплом алуға бірегей мүмкіндік береді. Бірі – Алматы академиясынан, екіншісі – AlmaU-дан.

Біздің курсанттарымызға 265 академиялық кредитті игеретіндей мүмкіндік қарастырылған. Олардың 166-сы – Алматы академиясында, ал 99-ы – AlmaU-да өтеді. Мұндай бағдарламалардың түлектері киберқылмысты тергеумен айналысатын «CyberPol» (киберполиция) сияқты мамандандырылған бөлімшелерде, сондай-ақ ҚР ПМ Жедел басқару орталықтары мен басқа да құрылымдарда жұмыс істей алады.

Әлемдік әріптестермен
байланыс жақсы

– Соңғы уақытта біз киберқылмыс сияқты проблемаға тап болдық, бұл ұлттық және халықаралық деңгейде қауіпсіздікке үлкен қауіп төндіреді. Сіздер бұл мәселемен қалай күресесіздер?

– Шынында да, цифрлық технологияның өсуімен киберқылмыс қауіпсіздікке ең үлкен қауіптің біріне айналуда. Өкініштісі сол, Қазақстан да бұл сынаққа тап болып жатыр. Киберқылмысқа қарсы тұруда полиция жаңа технологияларды дамытуды, мамандар даярлауды күшейту мен әлемдік әріптестерімен белсенді ынтымақтастықты қоса алғанда, барлық қажетті шараны қабылдауда.

Алматы академиясы киберқылмыспен күресуде кадрлар даярлауда шешуші рөл атқарады. Біз курсанттарды киберқылмысты тергеу, деректерді қорғау мен ақпараттық

қауіпсіздікті қамтамасыз етуге баса назар аудара отырып оқытамыз. Академияда арнайы жабдықталған киберлаборатория мен киберполигон бар, онда курсанттар мен тыңдаушылар киберқауіптердің нақты мысалы мен үлгісі бойынша білім алады.

Сонымен қатар, біз қазіргі полиция қызметкерлерінің киберқауіппен күресте озық болуы үшін олардың біліктілігін арттыру курстарын белсенді түрде өрістетудеміз. Оған қоса, бұл шаруа киберқауіпсіздік саласындағы ғылыми-зерттеу жұмыстары мен полиция жұмысына жаңа технологияларды енгізуді қамтиды. Сондай-ақ, академияның профессорлық-оқытушылық құрамы шетелдік жаттықтырушыларды тарта отырып, ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мен киберқылмысқа қарсы іс-қимыл мәселесі бойынша оқыту семинары, тренинг, курстардан өтеді. Қызметкерлер Ресей Федерациясы, Франция, Түркия, Оңтүстік Корея, Қытай сияқты алыс-жақын шет елдерде оқытылатынын, базамызда ғылыми-практикалық конференциялар ұйымдастырылатынын атап өткен жөн.

– Алматы академиясының білім алушыларына тағы қандай мүмкіндіктер беріледі?

– Біздің түлектеріміздің ақпараттық қауіпсіздік саласындағы заманауи қатерлермен бетпе-бет келетін болғандықтан, жұмыс істеуге қажетті дағды мен білімге ие болуы маңызды. Осы мақсатта академиямыз халықаралық ынтымақтастықты белсенді дамытуға, курсанттарымыздың шетелдік тағылымдамадан өтуіне баса назар аударады. Мысалы, жақында ғана 2-курс курсанттарымыз Оңтүстік Кореяда екі апталық тағылымдамадан өтті. Бұл үлкен тәжірибе болды. Ол жақта курсанттарымыз киберқылмыс негізін, интернет кеңістігіндегі қылмыстарды тергеу әдістері мен ұшқышсыз ұшу аппараттарымен жұмыс істеу тәсілін үйренді.

– Тағылымдама – практикалық тәжірибе жинаудың тамаша тәсілі. Ал шетелдік тәжірибе білім алушыларға киберқылмысқа қарсы күресте қаншалықты көмектеседі?

– Жалпы, курсанттар мен тыңдаушыларды даярлауда шетелдік тәжірибе маңызды рөл атқарады. Шет елде тағылымдамадан өту киберқылмысқа қарсы күрестегі үздік әлемдік тәжірибені, интернетте жасалатын қылмыстардың алдын алу мен тергеу әдістерін зерделеуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, академия аясында ұйымдастырылатын киберқылмысқа қарсы іс-қимыл жөніндегі халықаралық ғылыми-практикалық конференцияларға қатысу – білім алушыларға өз білімін кеңейтуге, шетелдік сарапшылармен кәсіби байланыс орнатуға көмектеседі. Біз киберқылмысқа тиімді қарсы тұра алатын әрі барлық деңгейдегі ақпараттық жүйені қорғай алатын мамандарды даярлауды жалғастырамыз.

– Курсанттарыңыз киберқылмысқа қарсы тұруда қауқарлы боларына сенеміз. Полициямыз пәрменді болса, алмас қамал қалмас.

– «Алматы ақшамына» алғысымызды айтып, ұжымға шығармашылық табыс тілейміз. Жаңалығымыздың жаршысы болыңыздар.

БРИФИНГ

СУ АЙДЫНЫНДА САҚТАНЫҢЫЗ!

Төтенше жағдай мамандары қысқы маусымда су айдындарындағы қауіпсіздікті қаперге салды.

Алматы қаласының Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында қыс мезгілінде қаламыздың су айдындарындағы қауіпсіздікті сақтау, жазатайым жағдайды болдырмау адам өміріндегі өзекті мәселе екенін ескертті. Брифингке Алматы қаласы Төтенше жағдайлар департаменті Азаматтық қорғаныс басқармасының бастығы, капитан Қуаныш Оспанов, аталған басқарманың аға офицері, капитан Есбол Сұлтанов, ҚР Төтенше жағдайлар министрлігі Республикалық жедел құтқару жасағының бас құтқарушысы Ринат Файзуллин қатысып, қала тұрғындары мен қонақтарына мұз үстіндегі сақтық шараларын баян етіп, жазатайым жағдайға ұрынбауға кеңес берді. Мамандар ауа температурасының төмендеуі мен қар жамылғысының қалыңдап, мұздың қатуына байланысты тұрғындарға жұқа мұз үстіне шығудың қауіпін басым салуы жайында мәлім етті.

«Бұл су айдындарындағы мұздың қалыңдығы 4-5 см құрайды. Бұл жағдай, тіпті, жалғыз адамды көтермеуі де мүмкін, сондықтан қауіп сөйілмеген тұста сақтық

шарасын естен шығармау қажет. Мұздың қауіпсіз болуы үшін оның қалыңдығы кемінде – 10 см, ал бұқаралық іс-шаралар үшін – 25 см болуы тиіс», – деп мәлімдеді Алматы қаласы бойынша ТЖД Азаматтық қорғаныс басқармасының бастығы, азаматтық қорғаныс капитаны Қуаныш Оспанов.

Төтенше жағдай болуы мүмкін қалалық су айдындарында жазатайым оқиғалардың алдын алу мақсатында «Абайлаңыз, жұқа мұз!» және «Мұздың үстімен өтуге тыйым салынады!» деген ескерту белгілері орнатылған. ТЖД күшімен полиция мен құтқарушылардың қатысуымен 300-ден астам рейд жүргізіліп, 3000 жадынама таратылыпты.

Сонымен қатар, қаланың балық аулау құралдары сатылатын орындарында түсіндірме әңгіме өткізіліп, 1200-ден астам жадынама таратылды. Сондай-ақ, ТЖД қызметкерлері тарапынан оқушылар арасында алдын алу (профилактикалық) жұмыстары жүргізілуде. Қысқы кезеңдегі төтенше жағдайдың алдын алуға бағытталған интерактивті сабақ, сынып сағаты, сондай-ақ балаларға бастапқы медициналық көмек көрсету ережесі көрнекі түрде ұйымдастырылды.

Қарапайым қағиданы қаперге сақтау, ережені ескеру қайғылы жағдайдан аулақ болуға жәрдемдеседі. Су айдындарындағы (мұзда, суда) қауіпсіздік ережесін бұзғаны үшін әкімшілік жауапкершілік қарастырылған.

ҚАЛА ҚҰРЫЛЫСЫ

ТҰРҒЫНДАР ҚАУІПСІЗДІГІ
инвестор талабынан да маңызды

Сараптамалық қауымдастықпен бірлесе келе, қала құрылысы регламентінің жобасы қоғамдық талқылауға түсті.

Алматының 2040 жылға дейінгі Бас жоспарын іске асыру аясында қала әкімдігі жаңа қала құрылысы регламентін әзірледі. Қала құрылысы регламентінің базалық нормасы желді аумақтың жаңартылған картасын, тұрғын үй ғимаратының биіктігінің нақты параметрін бекітуді, бизнесті дамытуға қажет тұрғылықты аудандағы бірінші қабаты пайдалану міндеттілігі мен басқа да мәселелерді көздейді. Бастысы, қала тұрғындарының қауіпсіздігі.

Сапалы қала құрылысы регламентін әзірлеу мен қабылдау – маңызды әлеуметтік әрі әкімшілік міндеттің бірі. Олай болса, мұның нақты шешімі қысқа мерзімде Алматы қаласының тұрғындарына әлеуметтік, экономикалық, саяси және қоғамдық пайда әкелмек. Демек, бұл жағдай қаламызға жақын барлық өңірде экспоненциалды экономикалық өсудің мультипликативтік әсерімен тұрақты ұзақ мерзімді дамудың негізін қалауға қабілетті.

Басқосуда сарапшылар жаңа қала құрылысы регламентіне байланысты өзекті мәселелерді талқылады. Олардың пікірі мен ұсынысы қалалық инфрақұрылым мен халықтың қажеттілігіндегі қарқынды өзгеріс жағдайында ерекше мәнге ие. Атап айтқанда, талқылаудың маңызды аспектісі – экологиялық норманы, сейсмикалық қауіпсіздікті сақтау мен жайлы қалалық ортаны құру қажеттілігі.

«Қаламыздың Әл-Фараби даңғылының бойына 18–20 қабатты үйлер бой көтерген. Ендігі мақсат – аталған даңғыл бойына биіктігі 12 метрден (3 қабат) аспайтын үйлер ғана салу. Бұл да азаматтарымыздың қауіпсіздігін қатаң қаперге алудан туған ой. Әл-Фараби мен Абай даңғылдары аралығында салынатын ғимараттардың биіктігі 25 метрден (9 қабат) аспауы тиіс. Осындай қағидада қатаң сақталуы қажет. Қаламыздың болашағы, тұрғындардың қауіпсіздігі бізге инвесторлардың талабынан маңызды, – дейді Қала құрылысы кеңесінің мүшесі Жанат Айтілеу.

**Бетті әзірлеген
Айнабай МӘДИ**



ЦИФРЛЫ ҚАЗАҚСТАН

ДӘРІ-ДӘРМЕК
сапасын сіз де бақылай аласыз

Елімізде 162 млн дәрілік зат таңбаланды. Оның 152 млн-ына дәрілік заттарды міндетті таңбалау тәртібі енгізілгеннен кейін белгі қойылды. Сонымен, дәрілік заттардың 16 млн қаптамасы таңбаланып, дәріханалардың бөлшек сауда желісіне енгізілді, деп хабарлайды ҚР Денсаулық сақтау министрлігі.

Бұл бірегей Data Matrix кодын қолданатын цифрлық таңбалау препараттардың өндірушіден тұтынушыға дейінгі бүкіл қозғалыс жолын бақылауға мүмкіндік береді. Кодта маңызды ақпарат бар: препараттың атауы, сериясы, өндіруші туралы деректер, жарамдылық мерзімі және басқа мәліметтер. Бұл заңсыз айналым мүмкіндігін жояды және тұтынушыларды сапасыз және жалған дәрі-дәрмектерден қорғауды қамтамасыз етеді.

Бүгінгі күні дәрілік заттар айналымының барлық қатысушысы таңбалауды енгізу бойынша жұмысты аяқтады, атап айтқанда:

- 19 отандық өндіруші;
- 278 көтерме сауда субъектісі;
- 3169 дәріхана және бөлшек сауда нүктесі.

Иә, биылғы 1 шілдеден бастап елімізде барлық дәрілік заттарды міндетті цифрлық таңбалау енгізілген болатын. Бұл іс-шара контрафактілік өнімдермен күресуге және дәрі-дәрмектер нарығының ашықтығын арттыруға бағытталған.

Цифрлық таңбалау – бұл азаматтардың денсаулығын сақтауға және Қазақстан нарығында дәрілік заттардың сапасына деген сенімді арттыруға жасалған маңызды қадам.

Қазақстанда дәріханаларға көмек көрсету үшін NS Pharm тегін мобильдік қосымшасы әзірленді. Бұл таңбаланған тауармен жұмыс істеуді жеңілдетеді және процесті шағын дәріханалар, соның ішінде ауылдық және шалғай аудандар үшін де қолжетімді етеді. Фармацевтикалық бизнеске арналған бұл заманауи цифрлық шешім барлық заңнамалық талаптарға сәйкес келеді, жабдыққа арналған шығыстарды азайтады және күрделі IT-қолдау қажеттілігін жояды.

МАМАН МІНБЕРІ

ДҰРЫС ДИАГНОЗДЫ
ДӘРІГЕР ҚОЯДЫ

Он күн бойы үйінде өз бетінше емделген пациент ауруханадан бір-ақ шықты



Күзгі-қысқы кезеңде жедел респираторлық инфекциялар, соның ішінде пневмония өрши түседі. Пневмония – барлық жастағы адамдар зардап шегетін тыныс алу жолдарының ең қауіпті ауруларының бірі.

Өкпенің тыныс алу жолдарының ошақты зақымдануымен сипатталатын жедел инфекциялық ауру. Ауру негізінен жөтел, қақырық, әлсіздік, енгізу симптомдарымен қатар, дене қызуының жоғарылауынан басталады.

Алматыдағы Кардиология және ішкі аурулар ҒЗИ №2 терапия бөлімінің пульмонолог дәрігері Аида Жәділдің айтуынша, пациенттердің кейбірінде, әсіресе, егде жастағы адамдарда пневмонияға тән шағым-

дар мен физикалық белгілер болмауы мүмкін, интоксикация синдромы басым болады. Яғни пневмонияның атипті түрі дене қызуы көтерілмей, қан көрсеткіштерінде айтарлықтай өзгеріс болмай, интоксикация салдарынан бас ауруы, бұлшықет немесе тамақ ауырып құрғақ жөтелмен қатар жүруі мүмкін.

55 жастағы пациентте тамағы жиырылап, құрғақ жөтел пайда болған. Науқас суықтап қалдым деп ойлап, 10 күн бойы өзін-өзі емдеп, парацетамол, аскорбин қышқылын қабылдаған. Бірақ өздігінен қабылдаған емі әсер етпеген. Жағдайы күн сайын нашарлап, жалпы және бұлшықет әлсіздігі күшейе түскен. Ауру басталғаннан екі апта өткен соң науқас стационарға түсті. Кеуде қуысының компьютерлік томографиясын жүргізу кезінде екі жақты төменгі үлесті пневмония анықталды. Зертханалық зерттеулерде лейкоциттердің шамалы жоғарылауы, СОЭ жылдамдығы анықталды. Кешенді емдеуден кейін науқастың жағдайы жақсарды.

«Егер уақытылы диагноз қойып, терапияны кешіктірмей бастаса, пневмония емделеді. Пневмония адамның денсаулығы мен өміріне, әсіресе, осал санаттағы адамдарға әсер етуі мүмкін. Алдын алу және уақытылы медициналық көмекке жүгіну асқынулардың алдын алуға және өлім-жітім деңгейін төмендетуге ықпал етеді. Алғашқы белгілер пайда болған кезде дереу дәрігерге қаралыңыз, жаман әдеттерден бас тартыңыз, тұмау мен пневмококкқа қарсы вакцинациядан өтіңіз. Дәрумендерге бай тағамдарды тұтыныңыз, физикалық белсенділікпен айналысыңыз және ұйқыңызды қадағалаңыз», – дейді №2 терапия бөлімінің пульмонолог-дәрігері Аида Жәділ.

ЗАМАНАУИ ИННОВАЦИЯ

ЖҮРЕК АУЫРМАСЫН

Алматыда алғаш рет сымсыз кардиостимулятор имплантталды

№7 қалалық клиникалық ауруханада AVEIR™ VR сымсыз кардиостимуляторды импланттау бойынша шеберлік сағаты шеңберінде бірнеше сәтті ота жасалды. Олар Қазақ аритмологтар қоғамының президенті, Астана қаласы ПББ медициналық орталығы ауруханасының дәрігері, профессор Аян Абдрахмановтың қатысуымен өтті.



Алматы қаласында Aveir™ VR имплантациясы әдісі алғаш рет қолданылды, осы уақытқа дейін мұндай жедел араласулар Астананың бірнеше мамандандырылған медициналық ұйымдарында ғана жүргізілді.

Жүрек ырғағының бұзылуы және айқын көрінген жүрек қақпақшаларының патологияларын қосқанда, соның ішінде АВ-блокада, AVEIR™ VR имплантациялау әдісін қолдану – бұл жүрек-қан тамырлары жүйесінің ауыр дертімен сырқаттанған пациенттерді емдеудің соңғы заманауи инновациялық әдісі.

Шеберлік сағаты аясында №7 қалалық клиникалық аурухананың интервенциялық аритмологтары, интервенциялық хирургтары, кардиологтары және анестезиолог-реаниматологтары проктор Аян Абдрахмановпен бірлесіп 3 бірегей ота жасады. Олардың бірі ұзақ уақыт бойы жүрек-қан тамырлары жүйесі ауруларынан, соның ішінде жоғары қан қысымы мен жүректің ишемиялық ауруынан зардап шегіп келген 70 жастағы пациентке жасалды.

Есінен танып қалған алматылық тұрғынды ауруханаға жедел жәрдем бригадасы жеткізген. Холтер-ЭКГ минутына 32 соккымен жүрекшелер ырғағын тіркеді. Қажетті қарап-тексеруден кейін, пациентке бұған дейін де бірнеше рет ота жасалғанын, жағдайының ауырлығын ескеріп, электрородсыз электрокардиостимуляторды имплантациялау ұсынылды.

«Пациент үшін AVEIR™ VR қолданудың артықшылықтары: операция тіліксіз және жалпы анестезиясыз жасалады. Бұл – асқын қауіпінің аздығы және аз уақыт ішінде оңалу мүмкіндігі. Американдық компания әзірлеген сымсыз бір камералы кардиостимулятор жүрек қарыншасының қызметін үнемі ынталандырып тұру мүмкіндігі бар.

Ол шағын өлшемдерімен (38×6,5 мм) және батареяның 20 жылға дейінгі ұзартылған қызмет ету мерзімі, құрылғы жұмысының қашықтан мониторингі, температуралық негіздегі жиілік бейімделуі, бекіткішті қуаттамай оңтайлы импланттау орнын картаға түсіру сияқты бірқатар инновациялық функцияларының артықшылықтарымен ерекшеленеді, құрылғы 3 Теслаға дейінгі МРТ жүктемесін көтереді.

Негізгі артықшылықтардың бірі – оның ең аз инвазивті имплантациясы болып табылады. Бұл кардиостимуляторды, әсіресе, балаларға, көктамыр өрімі арқылы қолжетімсіз пациенттер үшін қолайлы етеді», – дейді №7 ҚКА интервенциялық хирургия және аритмология бөлімшесінің тәжірибелі аритмолог-дәрігері Қанат Ергешов.

Үш ота да МӘМС есебінен және жоспарға сәйкес сәтті өтті.



СҮЙІНШІ!

АЛМАТЫ ЖЕДЕЛ
ЖӘРДЕМ ҚЫЗМЕТІ
48 заманауи көлікпен толықты

Жаңа жыл қарсаңында Алматының медициналық жедел жәрдем қызметінің автопаркі JAC Sunray маркалы заманауи 48 автокөлік алды. Оның ішінде 12-сі – «С», ал 36-сы «В» класты машина.

Жаңа көлік әлемдік брендтердің озық медициналық жабдықтарымен: реанимациялық құрылғылармен, дефибриляторлармен, электрокардиографтармен, өкпені жасанды желдету аппараттарымен жарақталған. Бұл алматылықтарға медициналық жедел жәрдемді ең жоғары деңгейде көрсетуге мүмкіндік береді. Алматы қаласының әкімдігі мен Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының қаржы көзімен

жаңартылған автопарк биыл тағы 50 жедел жәрдем көлігін сатып алуды жоспарлап отыр.

Күн сайын кезекшілікке 186 бригада кіріседі, олар күніне 3000-нан астам шақыруға қызмет көрсетеді. Тақырыпқа орай айта кетсек, былтырғы 11 айдың қорытындысы бойынша 990 мыңнан астам шақыру орындалды. Бірінші және үшінші санаттағы шақыруларға жетудің орташа уақыты 12,6 минутты құрайды. Бұл ұлттық стандарттарға сәйкес келеді. Осы кезеңде 142 сәтті реанимация жасалды. Бүгінгі күні Алматы қаласының жедел жәрдем қызметі қаланың әр ауданында орналасқан 13 қосалқы станцияны қамтиды. Айтпақшы, былтыр жазда «Алтай-1» ықшамауданында жаңа қосалқы станция ашылды. Бұл да тұрғындар үшін шұғыл көмекті одан әрі қолжетімді етті.

Бетті әзірлеген
Нұржамал ӘЛШ



«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛЫҢЫЗ!

2025 жылға «Almaty aqshamy» газетіне жазылу науқаны басталады

«ALMATY AQSHAMY» – алматылықтардың да, еліміздің барлық дерлік өңірлеріндегі оқырмандарымыздың да асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымы! Қазақ сөз өнері мен журналистикасының дәстүрлі мектебі!

«ALMATY AQSHAMY» жарияланымдары мектептерде, колледждер мен университеттерде оқылады, әлеуметтік желілерде зерделеніп, талқыланады.

БІЗ газетімізді асыға күтетін оқырмандарымызбен және тұрақты авторларымызбен әрдайым БІРГЕМІЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне «Қазпошта» АҚ Алматы поштамты бөлімшелерінде, «Евразия Пресс» агенттігі өкілдіктерінде жазылуға болады. Бізді aqshamnews.kz сайтынан да оқыңыздар!

«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ 2025 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСТЕРІ:

65503 (жеке жазылушылар үшін) 1 айға – 613,40 теңге, 3 айға – 1840,20 теңге, 6 айға – 3680,40 теңге, 11 айға – 6747,40 теңге

15503 (кәсіпорындар мен ұйымдар үшін) 1 айға – 1315,62 (кала), 803,40 (ауыл) теңге, 3 айға – 3946,86 (кала), 2410,20 (ауыл) теңге, 6 айға – 7893,72 (кала), 4820,40 (ауыл) теңге, 11 айға – 14471,82 (кала), 8837,40 (ауыл) теңге

95503 (зейнеткерлер, мүгедектер мен ҰОС ардагерлері үшін)

1 айға – 393,40 теңге, 3 айға – 1180,20 теңге, 6 айға – 2360,40 теңге, 11 айға – 4327,40 теңге

Анықтама үшін телефондар: 8 (727) 293-08-12, 293-08-25.

Құрметті оқырмандар!

«Almaty aqshamy» газетінің баспа нұсқасына жазылуды енді **Post.kz сайты** арқылы немесе мобильді қосымшаны пайдалана отырып, онлайн режимде ресімдеуге болатынын қуана хабарлаймыз. Жылдам іздеу функциясы арқылы «Almaty aqshamy» газетін тауып, оған жазылуды бір сәтте ресімдеуге болады. Газетке жазылу үшін оның қажетті санын, жазылу мерзімін көрсетіп, кез келген банктің картасымен төлем жасау қажет.

Жазылу индекстері мен жазылу құны «Almaty aqshamy» газетінің баспа нұсқасына жазылумен тең.

Газет **Post.kz**-пен ресімдеу кезінде көрсетілген мекенжай бойынша жеткізіледі. Қызмет **24/7** қолжетімді.

ҚАУЛЫ

Алматы қаласы әкімдігінің
2024 жылғы 31 желтоқсандағы
№4/530-2781 қаулысы

Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскесін алып қоюға байланысты жер учаскесінің немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 84-бабына, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңына сәйкес, «Жайлы мектеп» білім беру саласындағы ұлттық пилоттық жобаны бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 30 қарашадағы №963 қаулысына негізінде Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

- Салынып жатқан мектепке кіреберіс жол құрылысы үшін және тұрақ кеңістігі «VIVAT Building» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен Алматы қаласы, Наурызбай ауданы, Райымбек даңғылы, 590А учаске мекенжайы бойынша орналасқан (кадастрлық нөмірі 20-322-002-1241) ауданы 0,3402 га жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару басталсын.
- Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2026 жылдың 31 желтоқсанына дейін белгіленсін.
- Меншік иесі жүгінетін орын Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Абай даңғылы, 90, 801-кеңсе болып белгіленсін.
- Алматы қаласы әкімінің аппараты осы қаулыны қабылдаған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде Алматы қаласы әкімдігінің интернет-ресурсын қоса алғанда, жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.
- «Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі:
 - заңнамамен белгіленген тәртіпте меншік иесін хабардар етсін және жер учаскесінің меншік иесіне өтемақы төлеуді қамтамасыз етсін;
 - жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығару бойынша іс-шараларды аяқтағаннан кейін жер учаскесін «Алматы қаласы Қалалық мобильділік басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің теңгеріміне берсін;
 - Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған өзге де қажетті шараларды қабылдасын.
- Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

Алматы қаласының әкімі

Е.ДОСАЕВ

ШЕШІМ

Алматы қаласы мәслихаты шешімін мемлекеттік тіркеу туралы
АҚПАРАТ

Алматы қаласы мәслихатының 2024 жылғы 25 желтоқсандағы №190 шешімі Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау Банкінің мемлекеттік тізілімінде электрондық түрде 2024 жылғы 30 желтоқсанда №205037 болып тіркелді.

ШЕШІМ

2024 жылғы 25 желтоқсан

№190

Алматы қаласында 2025 жылға арналған кондоминиум объектісін басқаруға және кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстауға арналған шығыстардың ең төменгі мөлшерін бекіту туралы

«Тұрғын үй қатынастары туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 10-3-бабының 1-тармағына, Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің міндетін атқарушысының 2020 жылғы 30 наурыздағы №166 бұйрығымен бекітілген Кондоминиум объектісін басқаруға және кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстауға арналған шығыстардың ең аз мөлшерін есептеу әдістемесіне сәйкес, Алматы қаласының мәслихаты **ШЕШТІ:**

- Алматы қаласында 2025 жылға арналған кондоминиум объектісін басқаруға және кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстауға арналған шығыстардың ең төменгі мөлшері 1 шаршы метр үшін 40 теңге сомасында бекітілсін.
- Осы шешім 2025 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

Алматы қаласы мәслихатының төрағасы

М.ОТЫНШИНЕВ

ШЕШІМ

Алматы қаласы мәслихаты шешімін мемлекеттік тіркеу туралы
АҚПАРАТ

Алматы қаласы мәслихатының 2024 жылғы 25 желтоқсандағы №189 шешімі Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау Банкінің мемлекеттік тізілімінде электрондық түрде 2024 жылғы 30 желтоқсанда №205034 болып тіркелді.

ШЕШІМ

2024 жылғы 25 желтоқсан

№189

«Алматы қаласында тіркелген Қазақстан Республикасы азаматтарының жекелеген санаттарына амбулаториялық емдеу кезінде тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін, оның ішінде дәрілік заттарды, арнайы емдік өнімдерді, медициналық бұйымдарды қосымша тегін беру туралы» Алматы қаласы мәслихатының 2020 жылғы 30 қазандағы №497 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №1656 болып тіркелген) шешіміне мынадай толықтырулар енгізу туралы

Алматы қаласының мәслихаты **ШЕШТІ:**
1. «Алматы қаласында тіркелген Қазақстан Республикасы азаматтарының жекелеген санаттарына амбулаториялық емдеу кезінде тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін, оның ішінде дәрілік заттарды, арнайы емдік өнімдерді, медициналық бұйымдарды қосымша тегін беру туралы» Алматы қаласы мәслихатының 2020 жылғы 30 қазандағы №497 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №1656 болып тіркелген) шешіміне мынадай толықтырулар енгізілсін:
көрсетілген шешімнің қосымшасында:
«Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберіндегі дәрілік заттар» 1-бөлімі мынадай мазмұндағы елу тоғызыншы, алпысыншы, алпыс бірінші, алпыс екінші, алпыс үшінші, алпыс төртінші жолдармен толықтырылсын:

		«Ланаделумаб»
59)	Комплемент жүйесінде басым ақауы бар біріншілік иммундық тапшылықтар	
60)	Асқазан қатерлі ісігі	«Ниволумаб (Опдиво)»
61)	Оң жақ өкпенің жоғарғы бөлігінің орталық ісігі	«Ипилимумаб (Ервой)» және «Ниволумаб (Опдиво)»
62)	Тері меланомасы	«Ипилимумаб (Ервой)» және «Ниволумаб (Опдиво)»
63)	Ходжкиндік емес диффузды ірі В-жасушалы лимфома	«Полатузумаб»
64)	Виллебранд ауруы	«Вилате 500МЕ»

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Алматы қаласы мәслихатының төрағасы

М.ОТЫНШИНЕВ

ХАБАРЛАНДЫРУ

Алматы қаласы Спорт басқармасы «№5 Мамандандырылған кешенді балалар-жасөспірімдер спорттық-техникалық мектебі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорын бірінші басшысының бос азаматтық қызмет лауазымына орналасуға конкурс жариялайды.

Үміткерге қойылатын талаптар: кадрларды даярлау бағыттары бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім: «Дене шынықтыру және спорт» мамандығы бойынша педагогикалық ғылымдар немесе бизнес және басқару немесе құқық және де мамандығы бойынша, оның ішінде дене шынықтыру және спорт саласында басшылық лауазымдарда жұмыс өтілінің кемінде 5 жыл болуы.

Конкурсқа қатысу үшін қажетті құжаттар жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарының ресми басылымында («Алматы ақшамы», «Вечерний Алматы» газеттерінде) конкурс өткізу туралы соңғы хабарландыру жарияланған кезден бастап 15 күнтізбелік күні ішінде тапсырылуы тиіс.

Конкурсқа қатысу үшін келесі құжаттарды ұсыну қажет:

- конкурсқа қатысу туралы өтініш;
- мемлекеттік және орыс тілдеріндегі түйіндеме;
- білімі туралы құжаттардың көшірмелері;
- Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 35-бабында көрсетілген еңбек қызметін растайтын құжаттар;
- Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандағы №ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №21579 болып тіркелген) бекітілген «Медициналық анықтама (дәрігерлік кәсіби-консультациялық қорытынды)» №075/е нысаны бойынша анықтама.

Конкурсқа қатысушы езінің біліміне, жұмыс өтіліне, кәсіби даярлық деңгейіне қатысты қосымша ақпаратты (біліктілігін арттыру, ғылыми дәрежелер мен атақтар беру, ғылыми жарияланымдар туралы құжаттардың көшірмелері, сондай-ақ бұрынғы жұмыс орнының басшылығынан ұсынымдар) ұсына алады.

Әңгімелесуге жіберілген үміткерлер Алматы қаласы Спорт басқармасына мына мекенжай бойынша әңгімелесуге шақырылады: Алматы қаласы, Республика алаңы 4, 4-қабат, 450-бөлме.

Анықтама телефондары: 8 (727) 338-26-04.

Құжаттарды қабылдау мерзімі 08.01.2025 ж. – 22.01.2025 ж.



Бас директор –
Ержан ҚАЛЫМБАЙҰЛЫ

Қабылдау бөлмесі:
тел: 293-08-03.

Бас директордың орынбасары –
Абдухалил ЖАЛИЛОВ
тел: 293-08-03 (ішкі 102).

Бас директордың шығармашылық жөніндегі орынбасары –
Гүлжазира СЕЙДАХМЕДОВА
тел.: 293-04-28.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел: 293-52-24.

Бас редактордың орынбасары –
Әнуарбек ӘУЕЛБЕК
тел: 293-52-36.

Жауапты хатшы –
Серік ЖҰМАБАЕВ
тел: 293-52-43.

Жаңалықтар мен ақпарат бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР

Қала тынысы бөлімінің редакторы –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің редакторы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ
тел: 293-52-36.

Коммерциялық директор –
Қуаныш ДЮСКАЛИЕВ
тел: 293-08-12. E-mail:
rekalatauqparat@gmail.com

Жарнама және тарату бөлімі. E-mail:
rekalatauqparat@gmail.com
тел: 293-08-25

Шығармашылық даму жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ.

ГАЗЕТТІ ЖЕТКІЗУ БОЙЫНША ШАҒЫМДАР БОЛСА...

«Қазпошта» АҚ Алматы почтамына:
8 777 078 53 48, 8 747 204 19 70
телефоны арқылы сағат 9.00–ден 18.00–ге дейін хабарласыңыз



Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Alatau Aqparat» ЖШС.

E-mail:
alatauqparat@gmail.com
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет аптасына 2 рет, сейсенбі және жұма күндері шығарылады. Нөмірдің таралымы – 11 152 дана (сейсенбі)

Кезекші редактор – Гүлжанат СЕМБАЕВА

Газет "Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесінде тіркелген. Тіркеу туралы № KZ17VPY00085956 куәлігі 19.01.2024 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy» -ның компьютер орталығында теріліп, беттелді. Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді. Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет «Алматы-болашақ» АҚ-да басылды. 050026, Алматы қаласы, Мұқанов көшесі, 223 В. Тел.: 8 (727) 378-40-08, 378-42-00 Оффсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газеті «AIR ASTANA» әуе компаниясының бизнес-класс бортында және «Жолаушылар тасымалы» АҚ пойыздарындағы жолаушыларға қолжетімді.



www.instagram.com/aqshamy.official



www.facebook.com/aqshamy.official



web.telegram.org/k/#@aqshamy_kz



www.youtube.com/channel/UCXzM2xrJCHx6Br1ggA

ӘРІПТЕС ӘЛЕМІ

МЕРЕЙ

АБЫРОЙ БИІГІНДЕ

«Almaty aqshamy» газеті Бас редакторының орынбасары
Әнуар ӘУЕЛБЕК туралы лебіз



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

АҒА, БАУЫР, ДОС

«Вечерний Алматы»
газетінің
жауапты хатшысы
Әбдіжамал Халилұлы
жайында да бірер сөз

«Alatau Aqparat»
медиахолдингінің
қанатының астында
қанаттаса жұмыс істеп
келе жатқан «Almaty
aqshamy» мен «Вечерний
Алматы» газеттерін бөліп-
жару мүмкін емес. Екі
басылым да ару
Алматының тыныс-
тіршілігімен біте
қайнасып жатқан іргелі
ұжым.

Сондықтан «Almaty aqshamy» газетіндегі әріптесіміз Әнуарбек Әуелбек туралы айтып тұрып, «Вечерний Алматы» газетінің жауапты хатшысы Әбдіжамал Сапарқұловтың мерейлі жасы туралы бір ауыз лебіз білдірмегеніміз азаматтығымызға сын болар дедік.

Әбдіжамал Халилұлы – журналистика майталманы, «Ақпарат саласының үздігі». М.В.Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінің Журналистика факультетін бітірген. Еңбек жолын «Өркен-Горизонт» газетінде бастап, фототілші, тілші, жауапты хатшылыққа дейін көтерілген. «Труд-Казахстан» газетінің штаттан тыс тілшісі, «Сақшы» газетінің Бас редакторы, «Время-Уақыт» газетінің жауапты хатшысы болды.

1997 жылы «Қазақстан полициясы» журналының негізін қалады. Республикалық «Хабар» телеарнасынан 2000 жылы жарық көрген «Тергеу аяқталды...» («Следствие окончено...») телевизиялық жобасының авторы әрі продюсері болған.

Иә, Әбдіжамал Халилұлы журналистиканың майын ішіп, жілігін шаққан маман. Газет-журналдың алғашқы бетінен бастап соңғы парағына дейінгі безендірілуі, мақалалардың орналасуы осы асқан талғампаз, шығармашыл әріптесіміздің қолынан, жүрек көзінен өтеді.

Әбдіжамал Халилұлының сырт тұлғасы қаншалықты ірі болғанымен, басқан ізі білінбейді, дауысының да қатты шыққан жерін естімедік. Бірімізге аға, бірімізге дос, енді бірімізге бауыр болған үлкен жүректі әріптесіміз көзге түсіп калуға да ұмтылмайтын қарапайым, салиқалы, сабырлы жан.

Осылай асықпай, аптықпай, аяңдап жеткен 63 жасыңыз құтты болсын, құрметті Әбдіжамал Халилұлы! Сіздің де барлық жақсылық, қуанышыңызға «Alatau Aqparat» медиахолдингінің үлкен ұжымы әркез тілекші.

Бетті әзірлеген
Нұржамал ӘЛІШ.

Біздің аяулы әріптесіміз, «Almaty aqshamy» газеті Бас редакторының орынбасары Әнуар Әуелбек 63 жасқа толып, зейнетке шығып жатыр. Қазақтың санын көбейтуге елеулі үлес қосқан көпбалалы әке. Ақын, журналист. Эл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Журналистика факультетін бітірген.

Республикалық «Лениншіл жас» («Жас Алаш»), «Қазақ әдебиеті», «Егемен Қазақстан», халықаралық «Түркістан», «Дала мен қала» газеттері мен «Хабар» телеарнасында қызмет істеген. Осы телеарнадан беріліп тұрған тарихи-танымдық 110 сериялы «Солай болған» бағдарламасының авторы.

«Ақ жауынды шақ», «Жаныңмен жаз сырынды» атты жыр кітаптарының, сондай-ақ, «Солай болған» және «Болашағына қол созған Қазақстан» атты публицистикалық кітаптардың авторы. Өлең-жырлары 2015 жылы жарыққа шыққан 10 томдық «Қазақ поэзиясының антологиясына» енген. ҚР Мәдениет қайраткері, «Ақпарат саласының үздігі», «Ерен еңбегі үшін», «Халық алғысы», «Мейірім» төсбелгілерінің және «Ы.Жақаев» медалінің иегері.

Әнуар Әуелбектің шымшыма әзілдері де біртөбе. Анекдотты жақсы айтады. Үлкен-кішіге теңдей әзілдей береді. Еш зілсіз. Сондықтан ешкім көңілге алып ренжи қоймайды. Төменде әріптесіміздің әзілқой болмысын ашатын бірер оқиғасын беріп отырмайық.

ТӘУЕЛСІЗДІК және СҰЛУЛЫҚ

Қалам ұстап жүрген соң, үйінің айнала-сында тұратын үлкен-кіші Әнуар Әуелбекті мерекелерде жиі мазалайтыны бар. Мәселен, мұғалімдер «Ашық сабағым бар еді, Ән-аға, екі-үш шумақ өлең керек боп тұр» десе, әп-әдемі студент бойжеткендер

«Аға, Тәуелсіздік туралы бір шумақ өлең шығарып бересіз бе?» деп қиылып тұрғандары.

Әдемілікке, сұлулыққа құмар ақынжанды әріптесіміз қарап қалсын ба, әсіресе, арулар сұраған Тәуелсіздікті де, өздерінің көркемдігін де аппақ паракка түсіріп, шабыттана жырлап береді.

Тағы бірде есіктің қоңырауы басылады. Терезеден әдемі бір қыздың келгенін байқап тұрған Әнуар ағай зайыбына жорта:

– Біреу келіп тұрған сияқты, кім екен, қарай салшы, – деген ғой, сұлулыққа сүйсіне, маңғзданып тұрып.

Сонда жеңгеміз терезеден мойнын созып:

– Е-е, Тәуелсіздік қой! – деген екен. Жеңгеміз де осал жан болмады.

ДҮНИЕ – КЕЗЕК

«Almaty aqshamy» газетіне алғаш келген кезім. Әнуар Әуелбектің кабинетіне «Жылжабар» нөміріне берілетін бір мақала жөнінде ақылдасу үшін бас сұқтым.

Сол мақалаға қатысты өзіміздің журналист-әріптестерді Қалекен (Қали Сәрсенбай), Төкең (Төрехан Данияр), Өтеш (Өтеш

Қырғызбай), Сәрсәған (Сәрсенбек Бекмұратұлы) деп қаламының ұшымен тізіп келе жатты да, Нұржамал Байсақалға келгенде ақ қағазына «НБ» деп түртіп қойды. Ал мен сізге осы «НБ»-ның тарихын айта отырайын.

Белгілі журналист Нұржамал Байсақал мен Әнуарбек Әнуар журфакта бір курста оқыған. Еті тірі, кез келген нәрсеге немқұрайды қарай алмайтын сергек, қагілез ару староста болған. Курстың ұлын да, қызын да ұршықша иіріп әкетіп, барлық іс-шараның ортасында жүретін.

Сабақтан көп қалатын жігіттерді журналға «нб» (Кеңес одағы кезіндегі «не было») деп бірде белгілесе, енді бірде белгілемей кеңшілік жасайтыны да бар. Ән-ағандар тіпті жүйкесіне тиіп кетсе, екі-үш күн қатарынан «нб» қоятыны тағы бар. Старостаны одан әрі күйіп-пістіру үшін, ашуланғанын қызық көріп жігіттер: «Ертең екі сабақта да болмаймыз, «нб»-ыңды қоя сал», – дейтін көрінеді.

Екі курстастың өмір һәм қызмет жолы кейін «Almaty aqshamy» газетінде тоғысарын кім білген. Бірде Әнуар Әуелбек осы басылымға бірінші орынбасар болып келді. Алдына келген, Нұржамал Байсақалдың бөліміне қатысты өңделетін мақаланың сол жақ шекесіне НБ деп белгі соқты да, курстас-әріптесінің кабинетіне кіріп барып:

– Бұдан былай енді мен саған «нб» қоятын боламын, – дегенде, екеуі де еріксіз күліп жіберген екен.

P.S.

Бүгін қос әріптесімізді зейнет жасымен құттықтадық. Ізгі лебізімізді арнадық. «Alatau Aqparat» медиахолдингінің Бас директоры Ержан Қалымбайұлы Әнуарбек Әуелбек пен Әбдіжамал Сапарқұловтың ұзақ жылғы еңбегіне алғыс айтып, қадірлі ағалардың нығына шапан жауып, ұжым атынан сыйлықтар табыс етті.